



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:
ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ
ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ
ЖАҢА ДӘУІРІНЕ
ҚАДАМ БАСТЫҚ

2



РАМАЗАН –
ҚҰРАН АЙЫ

5



АЛМАТЫДА
ӨРІК ГҮЛДЕДІ

24

2022 жылғы 6 сәуірдегі мәлімет
бойынша АЛМАТЫДА

I компонентпен

1 097 096

II компонентпен

1 075 937

адам вакцина салдырды

2022 жылғы 6 сәуірдегі
мәлімет бойынша ҚАЗАҚСТАНДА
I компонентпен – 9 458 890 адам,
II компонентпен 9 184 371 адам
вакцина салдырды.
Ревакциналандығандар саны –
3 363 829

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

7.04.2022

Түнде:



+10+15 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+24+26 °C

Көшпелі бұлтты,
жаңбыр, найзағайЖелдің жылдамдығы:
3-8, екпіні 13 м/с

8.04.2022

Түнде:



+10+15 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жаңбыр, найзағай

Күндіз:



+15+20 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жаңбыр, найзағайЖелдің жылдамдығы:
2-7 м/с

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №36 (6171) 7 сәуір, бейсенбі, 2022 жыл.

ТАЗАЛЫҚ БАРШАҒА ОРТАҚ

Алматыда жалпықалалық сенбілік өтеді



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Алматы әкімдігі тұрғындарды Birge – taza Qazaqstan республикалық акциясы аясында өтетін жалпықалалық сенбілікке қатысуға шақырады. Қала әкімі баспасөз қызметінің мәліметінше, сенбілікке 2000-нан астам коммуналдық қызмет жұмысшысы мен 400-ден астам арнайы техника жұмылдырылады.

4

МЕМЛЕКЕТТІК ТАПСЫРЫС ҰЛҒАЙДЫ

Алматыда 36 мыңнан астам студент
колледждерде тегін білім алуда



Өңірлік коммуникациялар қызметінің орталық алаңында қалалық Білім басқармасы басшысының орынбасары Қайрат Жұмановтың қатысуымен брифинг өтті.

Спикер шаһарымызда Мемлекет басшысының тапсырмасы жүзеге асып жатқанын, алдағы уақытта, яғни 2025 жылға қарай 9-сынып түлектері колледждерде қалаған мамандықтары бойынша 100 пайыз тегін оқитынын мәлімдеді.

4

- Алматыдан Миланға тікелей әуе рейсі ашылады.
- Елімізде 1 миллионнан астам жұмысшының жалақысы артты.
- Қазақстанда зейнетақы мен жәрдемақы көтеріледі.
- Дзюдошыларымыз Азия кубогінде 8 медаль жеңіп алды.
- «Алтын орда» базары маңайы абаттандырылады.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
259-88-99 (ішкі 20500, 20018) телефондары бойынша хабарласыңыз!





Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ ЖАҢА ДӘУІРІНЕ ҚАДАМ БАСТЫҚ

Президенттің айтуынша, бұл реформалар халқымыз үшін бетбұрыс кезеңіне жол ашады

Американың белгілі *The National Interest* басылымында жарияланған «Еуразиядағы құбылмалы жағдай Қазақстанның дамуын бәсеңдетпейді» атты мақаласында (4 сәуір) Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің алдында тұрған сын-қатерлерге маңыз беріп, өзінің «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтылған ауқымды реформалардың мән-маңызын сипаттап берді. «Біз Қазақстанда демократиялық өзгерістердің жаңа дәуіріне қадам бастық», — деп атап өтті Президент. Оның пікірінше, «посткеңестік кеңістікте болып жатқан оқиғалар айтарлықтай сын-қатер төндіруде, бірақ еліміздің алға қадам басуын тежей алмайды».

«Түйткілді мәселелерді батыл шешуге және алға ілгерілеуге толық дайынбыз»

Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы қаңтар айының басындағы елімізде орын алған оқиғаны еске ала отырып, бейбіт шерулердің жаппай зорлық-зомбылыққа ұласқанына және ел тәуелсіздігінің 30 жылы ішінде мұндай жағдай бұрын-соңды болмағанына тоқталған. «Біз әлі күнге дейін қаңтар оқиғасының зардабынан толық айыққан жоқпыз. Бірақ бұл оқиғадан сабақ алып, түйткілді мәселелерді батыл шешуге және алға ілгерілеуге толық дайынбыз», — деп атап өтті Президент.

Автор аймақтағы геосаяси ахуалға түсіндірме жасай келе, Қазақстан мен Ресейдің арасын әлемдегі ең ұзын шекара байланыстырып жатқанын, сондықтан екі ел өзара ынтымақтастыққа негізделген ерекше қарым-қатынас орнатқанын мәлімдеді.

«Қақтығыс БҰҰ Жарғысына сәйкес тезірек және әділ реттеледі»

Мемлекет басшысы, сондай-ақ, Украинамен де дәстүрлі достық қатынастарымыздың тамыры тереңде екеніне назар аударып, «қақтығыс БҰҰ Жарғысына сәйкес тезірек және әділ реттеледі», деп үміттенетінін айтады.



Қасым-Жомарт Тоқаев қаңтар дүрбелені Қазақстанды дүр сілкіндірген оқиға болғанын атап өтті. Бұл жағдайдан елімізге сабақ болғаны — азаматтардың заңды талаптары зорлық-зомбылық пен қудалаудан қорықпай айтылуға тиіс екенін мойындау. Мұның өзі мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы диалогтың шын мәнінде нығаюына жол ашды.

Президент өз мақаласында Қазақстанды реформалау және жаңғырту жөніндегі негізгі бастамалары, ең алдымен, халық көтерген экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталғанына баса назар аударады. Осы ретте Президент «олардың бізден не күтетінін анық әрі айқын естідік», деп тұжырымдаған.

Мемлекет басшысының айтуынша, еліміз мемлекеттік билікті бұрын-соңды болмаған орталықсыздандыруға, үйлесімді және тепе-теңдік жүйесін нығайтуға кірісті. Сонымен бірге, сыбайлас жемқорлық пен ағайынгершілік әрекеттерге төзбеушілік пікір қалыпта-сады. Бұл «саяси билік пен байлықтың санау-

лы адамның қолына шоғырлануына» жол бермейді.

Азаптауларға мүлдем төзбеушілік қамтамасыз етіледі

Реформалар негізгі мемлекеттік органдарда — Президент Әкімшілігінде, Парламентте, жергілікті әкімдіктерде, сот және құқық қорғау жүйелерінде жүргізіледі. Мемлекет басшысы азаптауларға мүлдем төзбеушілік қамтамасыз етілетініне ерекше мән берген.

Жаңа Қазақстанда биліктің тармақтары мен мемлекеттік органдар арасында өкілеттіктердің тепе-теңдігін басқаша қалыптастыру жоспарланып отыр. Мемлекет басшысы айтқандай, шын мәнінде, Қазақстан басқарудың «суперпрезиденттік» моделінен «нормативтік-президенттік» басқару түріне көшеді.

Елімізде саяси әралуандықты нығайтуға арналған аралас пропорционалды-мажори-

тарлық сайлау жүйесін енгізуге ерекше мән беріледі. Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінде өзіне тиесілі президенттік өкілеттіктердің бір бөлігінен өз еркімен бас тартатынын еске салды. Мемлекет басшысы тағайындайтын сенаторлар саны 15-тен 10-ға дейін қысқарады, оның жартысын Қазақстан халқы Ассамблеясы ұсынады.

Президент өз мақаласында «Конституциялық өзгерістердің аудан, қала және ауылдық округ әкімдеріне көбірек өкілеттік беруі аса маңызды саналуы мүмкін. Бұдан былай олар, ең алдымен, халық алдында жауапты және толықтай есеп береді», деп жазады. Сонымен қатар, барлық реформа азаматтық қоғамның беделді өкілдерімен тығыз диалог жүргізе отырып әзірленгеніне арнайы тоқталған.

«Жүйе тек таңдаулы адамдар үшін ғана емес, азаматтарымыздың игілігіне қызмет етуі керек»

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан экономикасын монополиядан арылту мәселесі туралы айта келіп, «жүйе тек таңдаулы адамдар үшін ғана емес, азаматтарымыздың игілігіне қызмет етуі керек» дейді. Өкінішке қарай, бұрын мұндай жағдайға жиі жол берілгенін еске салды Президент. «Инклюзивсіз өсім орнықты болмайды» деп атап өтті. Сондай-ақ, мақалада «олигархтар мен олардың монополияларына тиесілі орасан мол байлық еліміздің жұмысшы және орта таптарының игілігіне қайта жұмсалады», деп жазылған.

Қасым-Жомарт Тоқаев елді одан әрі дамыту үшін әлеуметтік-экономикалық теңсіздік мәселесін шешудің маңызы зор екеніне мән берді. Ол «экономика өскен сайын азаматтардың да әлеуеті артуы керек» деп есептейді. Осыған байланысты «Үкіметке жалақыны арттыру және кедейшілік деңгейін төмендету бағдарламасын әзірлеу тапсырылды». Бұл жағдайда халық үшін алғашқы нақты қадамдар ең төменгі жалақыны 40 пайызға арттыру және бюджеттік сала қызметкерлерінің жалақысын көтеру болмақ. Мемлекет басшысы «шағын бизнестің салық жүктемесі төмендейтінін, ал Қазақстанның өндіруші компаниялары экономикалық ауыртпалықтың салмағы мен үлесін көбірек және әділ көтеретінін» еске салды.

Жалпы, Президенттің айтуынша, бұл реформалар халқымыз үшін бетбұрыс кезеңіне жол ашады. Еліміз бүгінде тоқырау жолын емес, үдемелі даму бағытын тандайды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мақаласын «Әлі ұзақ жол жүруіміз керек. Серіктестік ел ішінде де, халықаралық деңгейде де — бейбітшілік пен өркендеудің ортақ болашағын құрудың бірден-бір жолы» деп қорытындылаған.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ БАРЫСЫ БАЯНДАЛДЫ

Мемлекет басшысы Бас прокурор Берік Асылловты қабылдады

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа қаңтар оқиғасын тергеп-тексеру жұмыстарының барысы туралы баяндалды. Шетелден активтерді қайтару ісі бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы мәлімет берілді. Резонанс тудырған қылмыстық істер бойынша фигуранттардың қылмыстық жолмен жинаған капиталының шығып кетуін анықтау мақсатында олардың шетелге жылыстатылуына талдау жасалуда.

Берік Асыллов Президенттің Қазақстан халқына Жолдауында берген тапсырмаларының жүзеге асырылуы туралы айтты. Атап айтқанда, Бас прокурордың Конституциялық Сотқа жүгіну құқығы туралы Конституцияның 83-бабына енгізілетін түзетулер дайындалуда, сондай-ақ «Прокуратура туралы» жаңа Конституциялық заң әзірлеу басталды. Салалық заңның басты басымдығы — азаматтардың конституциялық құқығы мен бостандығын қорғау. Заң жобасына Адам құқықтары жөніндегі уәкілмен, құқық қорғаушылармен және азаматтық қоғаммен өзара іс-қимыл жасау, прокурорлардың дербестігі мен жауапкершілігін арттыру тетігі туралы ережелерді енгізу жоспарланып отыр.

Бұдан бөлек, Президентке азаптауларды тергеп-тексеру бойынша прокурорларға өкілеттік беруге, отбасы-тұрмыстық зорлық-зомбылықтар үшін жауапкершілікті күшейтуге қатысты тапсырмалардың орындалуы туралы айтылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев қадағалау органының халықпен өзара ықпалдастығын жандандырудың маңызды екенін атап өтіп, Бас прокурорға бірқатар тапсырма берді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

● ҮКІМЕТ

ЕРЕКШЕ БАҚЫЛАУДА

Қаңтар оқиғасында қаза тапқан курсанттардың отбасына үй беріледі

Қаңтар айындағы қақтығыс кезінде қаза тапқан Шекара академиясының үш курсантының отбасына тұрғын үй беріледі. Бұл туралы ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Ералы Тоғжанов мәлімдеді.

«Қаңтардың қайғылы күндерінде Шекара академиясының курсанттары Алматы қаласы әкімдігінің және басқа да стратегиялық объектілердің қорғанысына қатысты. Алматыда бес шекарашы қаза тапты. Олардың ішінде Мейірхан Бітім, Әділхан Жайық және Дәулет Жұпарбеков те бар. Мейірхан мен Дәулет небәрі 19 жаста болған, Жайық 22 жаста еді.

ҚР Президентінің Жарлығымен олар III дәрежелі «Айбын» орденімен марапатталды», — деді депутат Юлия Кучинская Мәжіліс отырысында.

Оның айтуынша, заң бойынша оларға 500 АЕК (шамамен 1,5 теңге) мөлшерінде біржолғы ақшалай өтемақы беріледі.

Депутат Премьер-Министрдің орынбасарынан қаза тапқан курсанттардың отбасына пәтер беру туралы ұсыныс айтылғанын және ол мәселе бүгінде қалай шешіліп жатқанын сұрады.

Ералы Тоғжанов бұл мәселе Үкіметтің ерекше бақылауында екенін айтты.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

«МИЛАН–АЛМАТЫ–МИЛАН»

тікелей әуе рейсі



Алматыдан Миланға тікелей рейс 2022 жылғы мамырдың соңында ашылды. Бұл туралы Италияның Қазақстандағы елшісі Марко Альберти айтты.

«Милан–Алматы–Милан тікелей әуе рейсін 2022 жылғы мамырдың соңынан бастап Италияның Neos жеке компаниясы апта сайын тұрақты негізде орындайтын болады», — деп мәлімдеді елші журналистермен жабық кездесуде.

Қазіргі уақытта Қазақстаннан Италияға және Италиядан Қазақстанға бірде-бір тікелей рейс жоқ. Биыл Қазақстанның Италиямен дипломатиялық қарым-қатынасына 30 жыл толады. Осыған байланысты елшілік жыл бойы бірқатар әлеуметтік-мәдени іс-шара өткізуге ниетті. Әуе рейсін ашу — осындай шаралардың бірі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



● ПРЕЗИДЕНТТИҢ САЯСИ РЕФОРМАЛАР ЖӨНІНДЕГІ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

САЯСИ ПАРТИЯЛАРДЫ ТІРКЕУ ПРОЦЕДУРАСЫН ЖЕҢІЛДЕТУ

- ✓ Тіркеу шегін 20 мыңнан 5 мың мүшеге дейін төмендету
- ✓ Өкілдік өкілдіктердің ең аз санын 600-ден 200 адамға дейін азайту
- ✓ Партия құру үшін бастамашыл азаматтар тобының ең аз санын 1 мыңнан 700 адамға дейін қысқарту
- ✓ Филиалдарды құру мерзімін 6 айдан 1 жылға дейін ұлғайту
- ✓ Құрылтай съезін өткізу мерзімін 2 айдан 3 айға дейін ұзарту
- ✓ Орталық сайлау комиссиясының, Жоғары аудиторлық палатасының, Конституциялық соттың төрағалары мен мүшелерінің партиядан міндетті түрде шығуы керек
- ✓ Әкімдер мен әкім орынбасарларының партия филиалдарында қызмет атқаруына заңнамалық тұрғыдан тыйым салу

● #ЖОЛДАУ2022

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ Қазақстан халқына Жолдауынан:

«Бабаларымыз ел тағдырын айқындайтын тарихи шешімдерді бүкіл халық болып ақылдасып, бірге қабылдаған. Келелі жиында айтылған кесімді сөзге алты Алаштың баласы түгел тоқтаған. Біз бірліктің бастауы болған осы дала демократиясының дәстүрін жаңғыртуымыз керек».

● МӘЛІМЕТ

ЛАҢКЕСТІККЕ ҚАРСЫ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ

Алматы қалалық терроризммен күрес жөніндегі жедел штабтың мәліметінше, 6 сәуір күні таңғы сағат 6.00-де Түркісіб ауданында жоспарлы жаттығулар басталды. Тәртіп сақшылары Спасская көшесінің бойында орналасқан №67 үйде жаттығу жасап, шеберліктерін шыңдады. Лаңкестікке қарсы оқу-жаттығулар сағат 12.00-ге дейін жалғасты.

Оқу-жаттығудың мақсаты – адам көп шоғырланған жерлерде лаңкестік қауіп төнген жағдайда өзара әрекеттесу дағдыларын дамыту. Оқыту тапсырмалары лаңкестіктің жолын кесу тетігін жетілдіруге бағытталған.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

● КЕРЕК ДЕРЕК

ҚАНДАСТАР ҚАТАРЫ АРТЫП КЕЛЕДІ

Жылдың басынан бері 3 мыңнан астам этникалық қазақ қандас мәртебесін алды.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

1 сәуірдегі жағдай бойынша 3078 этникалық қазақ тарихи отанымен табысып, қандас мәртебесін алды. Жалпы 1991 жылдан бері республикаға 1 миллион 90,1 мың этникалық қазақ оралды.

Жыл басынан Қазақстанға келген қандастардың жартысынан көбі (66,3%) – Өзбекстаннан, 11,3% – Қытайдан, 10,9% – Түркіменстаннан, 2,2% – Моңғолиядан және 9,3% басқа елдерден. Келген этникалық қазақтар негізінен Алматы (30,2%), Маңғыстау (19%), Түркістан (11,4%) және Жамбыл (5,9%) облыстарына, сондай-ақ Алматы (6,5%), Нұр-Сұлтан (7,1%) және Шымкент (7,6%) қалаларына қоныстанды.

Ағымдағы жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша еңбекке қабілетті жастағы этникалық қоныс аударушылар саны 62,7%-ды, еңбекке қабілетті жастағы кіші 23,2%-ды және зейнеткерлер 14,1%-ды құрайды.

Еңбекке қабілетті жастағы қандастардың ішінен білім деңгейі бойынша 11,5%-ы жоғары білімді, 39,6%-ы орта кәсіби білімді, 47%-ы жалпы орта білімді және 1,8%-ының білімі жоқ.

● ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

БЕЛСЕНДІЛЕРГЕ ЖОЛ АШЫҚ

Алматыда Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының отырысы өтті



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

Алматыда Қоғамдық кеңеске қабылдау басталды. Құжаттар 6–19 сәуір аралығында қабылданады.

Кандидаттардан өтінімдерді қабылдау күні жарияланып, оларға қойылатын талаптар айтылды.



Динара
МҰРАТ

«Жұмыс тобы Қоғамдық кеңеске қабылданғысы келетін үміткерлердің құжаттарын 6–19 сәуір аралығында, он күн бойы қабылдауды шешті. Барлық ақпарат газет беттерінде, әлеуметтік желілерде, мәслихаттың сайтында жарияланатын болады. 19 сәуірде құжат тапсыру аяқталады, кейін он жұмыс күні аралығында сайлау өткізіледі», – деді Алматы қаласы мәслихатының хатшысы Станислав Канкуров.

Қоғамдық кеңес мүшелерінің құрамына биыл 39 адам кіреді, оның ішінде 36-сы азаматтық қоғам өкілдері, 3-еуі мемлекеттік органдардың өкілдері. Биылғы Кеңеске мүше бола алатын адамдардың санына қатысты өзгерістің себебін Станислав Канкуров түсіндіріп өтті.

«Қоғамдық кеңеске қабылдау ережесіне сәйкес, қалада 1 млн халық болса, 30 адамды қабылдауға болады, егер осы көрсеткіштен асып жатса, әр 100 мың тұрғыннан 1 адамды қосуға болады. 2021 жылдың 1 маусымындағы жағдайға сәйкес, Алматыда 1 млн 900 мыңнан астам халық тұрады, сәйкесінше 30 адамға тағы 9 адам қосылып отыр», – деп түсіндірді хатшы.

Қоғамдық кеңесті азаматтық сектор, саяси партиялар, кәсіподақ, мүгедектер, ардагерлер ұйымдары, ШОБ өкілдері мен заңгерлерден тұратын Жұмыс тобы құрады. Биылғы мүшелікке қабылдау науқанын

жүргізетін Жұмыс тобының басшысы ретінде Зәуреш Әбілғожанқызы таңдалды.

«Маған жүктелген жауапкершілік пен сенімді барынша ақтауға тырысамын. Іріктеу жұмысы әділ, таза өтеді деген сенімдемін. Себебі, Қоғамдық кеңес – қаламыздың тыныс-тіршілігінің айнасы, халық жаршысы. Біз өз жұмысымызды Президенттің тапсырмасына сәйкес ашық жүргіземіз, кез келген адам БАҚ,

әлеуметтік желілер арқылы біздің жұмысымыздың барысын көріп, таныса алады. Ол үшін ашық отырыстар өткізіп, тікелей көрсетілімдер жүргіземіз», – деді Жұмыс тобының басшысы.

Азаматтар Қоғамдық кеңеске екі жолмен қабылданады. Сайлауға кез келген коммерциялық емес ұйымның атынан бір адам немесе жекелей түрде кез келген адам қатыса алады.

КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІ МЕН АЗАМАТТАР КӨРСЕТІЛГЕН МЕРЗІМДЕ МЫНАДАЙ ҚҰЖАТ- ТАРДЫ ҰСЫНАДЫ:

- 1) азаматтың Қоғамдық кеңестің құрамына өз кандидатурасын ұсыну туралы өтініші;
- 2) кандидатураны Қоғамдық кеңестің құрамына ұсыну туралы Коммерциялық емес ұйымның жазбаша ұсынысы (болған жағдайда);
- 3) кандидаттың өмірбаян деректерін көрсете отырып, кәсіптік және (немесе) қоғамдық қызметі туралы мәліметтер ұсынылады;
- 4) сотталмағаны туралы анықтама;
- 5) психикалық, мінез-құлықтық бұзылулардың (аурулардың), оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды қолдануға байланысты бұзылулардың (аурулардың) болмауы туралы анықтама.

КАНДИДАТТАР МЫНАДАЙ ЖАҒДАЙЛАРДА КОНКУРСҚА ЖІБЕРІЛМЕЙДІ:

- 1) құжаттар топтамасын уақытылы немесе толық ұсынбау;
- 2) шындыққа жанаспайтын ақпаратты қамтитын құжаттарды және (немесе) мәліметтерді ұсыну;
- 3) «Қоғамдық кеңестер туралы» ҚР Заңының 10-бабының 1-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін кандидаттар.

Қоғамдық кеңестің құрамына енгізу үшін құжаттар Алматы қаласының мәслихатына 2022 жылғы 6–19 сәуір аралығында дүйсенбі мен жұма аралығында сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін (үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін) мына мекенжай бойынша беріледі: А15Н9Н0 (050057), Алматы қаласы, Жароков көшесі, 215, кабинет 311. Анықтама телефондары: 8 (727) 380-04-03, E-mail: orgotdel@maslihat-almaty.kz

Өтініш үлгісі бар толық хабарландыру 5 сәуірдегі «Almaty aqshamy» мен «Вечерний Almaty» газеттерінде, сондай-ақ мәслихат сайтында жарияланды.



БІЛІМ

МЕМЛЕКЕТТІК ТАПСЫРЫС ҰЛҒАЙДЫ

Алматыда 36 мыңнан астам студент колледждерде тегін білім алуда

Рая
ЕСКЕНДІР

(Басы 1-бетте)

Сонымен қатар, мемлекеттік тапсырыс жыл сайын ұлғайып, техникалық және кәсіптік білім беру қолжетімді бола бастағанына да кеңінен тоқталды.

Қайрат Жұмановтың айтуынша, мегаполисте 83 колледждің 23-і – мемлекеттік, 60-ы – жекеменшік. Оларда барлығы 73 719 студент білім алып жатыр. Оның ішінде 36,5 мыңы – мемлекеттік тапсырыс бойынша. Бүгінгі таңда колледждерде білім алып жатқан студенттер саны – шамамен 49,5%.

– «Сапалы білім беру» ұлттық жобасын іске асыру үшін 2025 жылға дейін мемлекеттік тапсырысты екі есе, яғни 21 мың орынға дейін ұлғайту жоспарланып отыр. Бірінші кезекте 9-сынып түлектерін 2025 жылға қарай 100%-ға дейін тегін техникалық және кәсіптік біліммен қамту көзделуде», – деді Қ.Жұманов.

BIRGE – TAZA QAZAGSTAN

ТАЗАЛЫҚ – БАРШАҒА ОРТАҚ

Алматыда жалпықалалық сенбілік өтеді

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

(Басы 1-бетте)

Алматыны үздік экологиялық таза аймаққа айналдыру мақсатында ұйымдастырылып отырған маңызды шара 9 сәуірде таңертеңгі сағат 9.00-ден 12.00-ге дейін өтеді. Сенбілікте қысқы кезеңнен кейінгі қала аумағын, рекреациялық аймақтарды, саябақтарды, скверлерді, аулаларды, сондай-ақ сауда объектілеріне, қоғамдық тамақтану орындарына және басқа да ұйымдарға іргелес аумақтарды тазарту әрі жинау жұмыстары жүргізіледі. Жаппай ағаш отырғызу да жоспарланған.

Осыған орай, қала әкімдігі барлық меншік нысанындағы ұйымдарды, оның ішінде ПИК, ЖКБ басшыларын қажет болған жағдайда сенбілікке қатысушы-

ларды қоқыс жинауға арналған құралдармен, қолғаптармен, қаптармен қамтамасыз етуді сұрайды.

Тазалық жұмыстары кезіндегі тағы бір ескеретін жайт – қоқыс салынған қаптарды жол жиегіне қою. Бұл әдіс қаланың коммуналдық қызметтері көліктеріне қоқысты кедергісіз тиеу үшін қолайлы болмақ.

Жалпықалалық сенбілікте Алматы аудандарындағы мына қоғамдық орындарға басымдық беріледі:

1. **Алатау** ауданындағы «Сосновый бор» экопаркінде жаппай ағаш отырғызу және іргелес жасыл аймақтардағы аумақты жинау;

2. **Алмалы** ауданында Сайран көлінің шығыс жағалауын тазалау;

3. **Әуезов** ауданында Сайран көлі мен Үлкен Алматы өзенінің батыс жағалауында Жандосов көшесінің оңтүстігінде өтеді.

4. **Бостандық** ауданында тазалық жұмыстары Абай даңғылының бөлу жолағы бойынша ұйымдастырылады.

5. **Жетісу** ауданында Д.Қонаев атындағы Үлкен Алматы каналының бойында өтеді.

6. **Медеу** ауданында «Восточка» ТК артындағы Казачка өзенінің, Д.Қонаев атындағы Үлкен Алматы каналының бойында, ШААЖ-нан Диваев көшесі бойымен «Таулы қырат» кентіне дейін жүргізіледі.

7. **Наурызбай** ауданында – «Қарғалы өзені» аумағындағы Абай даңғылы және Байбақ батыр көшесінің солтүстігіндегі Қарғалы өзенінің айналасына өтеді.

8. **Түрксіб** ауданында Петрозаводская және Майлин көшелеріндегі жырлардың бойын тазарту жұмыстары жоспарланып отыр.

Айналаны тазартып, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға Алматының кез келген тұрғыны үлес қоса алады. Ендеше, маңызды шарадан қалыс қалмайық! Бір кісідей жұмылып, сенбілікке шығайық!

ӘЛЕУМЕТ

Қант бағасы бақылауда

Ақтолықын
ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ

Алматыда қант бағасы қатаң бақылауда. Бұл туралы қалалық әкімдік өкілдері мәлім етті.

Қалалық әкімдіктің мәліметінше, мегаполисте қант тапшылығы мен оның бағасының негізсіз өсуіне жол бермеу үшін жедел іс-шаралар қабылданды. «Нәтижесінде бүгінде нарықта қанттың құны статистика бойынша соңғы уақытта 2%-ға арзандады», – деп түсіндірді Алматы қалалық Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының өкілдері. Сонымен қатар, көтерме жеткізушілердің көмегімен қалаға қосымша 2,8 мың тонна қант әкелінді.

Сондай-ақ, «Азық-түлік корпорациясы» ҰК» АҚ қалаға 136 тонна (2 вагон) қант бөліп, «ТойМарт» желісінде сатылуда. «Қазіргі таңда бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу үшін сауда желілері, базарлар мен сауда орындарына мониторинг күшейтілді. Үй жанындағы дүкендерге қантты тікелей жеткізуді ұйымдастыру үшін сенім телефоны іске қосылды. Осылайша нарықтағы жағдайды тұрақтандыру, халықты қантпен қамтамасыз ету және шекті рұқсат етілген бағаны ұстап тұру үшін барлық қажетті шаралар қабылданды. Қант бағасы қатаң қадағаланады», – деді әкімдік өкілдері.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Алматы колледждерінде
36 000-нан
астам студент
тегін білім
алуда.



Оңтүстік
астанада жыл
басынан бері
696
адам көпбалалы
отбасы
мәртебесіне ие
болды.



Жыл басынан
бері
3513
алматылық
отбасы
атаулы
әлеуметтік
көмек алады.



Мегаполисте
«Жасыл аула»
науқаны
аясында
тұрғындарға
2400
көшет
таратылады.



Биыл
шаһардағы
1066
көшеге сыртқы
жарықтандыру
жүйесі
орнатылады.

ӨНДІРІС

700 жоба іріктелді

Досбол
АТАЖАН

ИИДМ елімізге ең қажетті импортты алмастыратын өнеркәсіптік өндірістердің 700-ден аса жобасын іріктеп алды.

Министрлік инвестициялық жобалардың кураторларын белгілеп, оларды іске асыру үшін жеке жауапкершілік жүктеуді көздеп отыр. Бұл туралы ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі мәлім етті.

«Министрлік желісі бойынша еліміздің барлық импортына талдау жүргізілді. Импорттың жалпы сомасы жылына \$38,4 млрд құрайтыны анықталды. Елімізге машина жасау (\$16,4 млрд), химия өнеркәсібі (\$3,2 млрд), қара және түсті металлургия (\$3,1 млрд), жеңіл өнеркәсіп (\$2,2 млрд), сондай-ақ құрылыс материалдары (\$1,4 млрд) өнімдері өте көп жеткізіледі», – деді ведомство басшысы.

ҚР ИИДМ зерттеу нәтижелерін жинақтап, зерделеген соң импортты алмастырудағы басымдықтар айқындалды. Соған сәйкес астана мен өңірлер әкімдіктерімен бірлесіп, өңдеу өнеркәсібінің 6 бағытында инвестициялық жобалар пулы жасалды. Оған жалпы сомасы 20 трлн теңге болатын 700-ден астам іске асырылып жатқан және перспективалық өндірістер кірді. Аталмыш жобалар 4 санатқа бөлінген: биыл енгізілетін, іске асырылатын, пысықталатын және перспективалық жобалар. Бұл кәсіпорындарды құру жоспары 131 мың жаңа тұрақты жұмыс орнын ашуды көздейді.

Қазіргі уақытта 2025 жылға дейін \$4 млрд-қа импортты алмастыратын және шикізаттық емес экспорт көлемін \$9 млрд-қа ұлғайтатын 131 негізгі жоба іске асырылуға тиіс деп айқындалған.



ОРАЗА – 2022

РАМАЗАН – ҚҰРАН АЙЫ

Рамазан – Құран түскен қасиетті ай. Бұл айда ораза ұстағандарға сансыз сауап сыйланып, дұға-тілектері қабыл болады. Алла Елшісі (Оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқан: «Шынында, Алла Тағаланың алдында сондай адамдар бар: Алла оларды рамазанның әрбір күндізін мен түнінде Оттан босатады. Және шынында, әрбір мұсылман рамазанның түнінде де, күндізінде де өзінің дұғасына жауап алып отырады».



Серік
ЖҰМАБАЕВ

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Айша анамызға: «Жәннаттың есігін үнемі қақ!», – деген. Сонда әзіреті Айша анамыз: «Немен қағамын, ей Алланың Елшісі?», – деп сұрайды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Оразамен» деп жауап береді. Расулұлла тағы бір хадисінде: «Расында, шайтан Адам баласының денесінде қанның айналғанындай жүреді. Оның жүретін орындарын шөліккеу және аштықпен жабыңдар» деп бұйырған.

Тағы да қайталап айтайық, Рамазан айы – Құран айы! Бұл мүбәрак айда Алла Тағаланың күллі адамзатқа жіберген соңғы кітабы – Құран Кәрім түскендіктен, мұминдер осы айда қасиетті кітапты көбірек оқып, мағыналарын зерделеп, амалда қолдануы ләзім.

Негізі оразаны адамзатқа берілген зор мүмкіндік деп айтуға болады. Күнелерден құлан-таза айығуға, жақсылыққа өзгеруге, нәпсіні тәрбиелеуге, тақуалыққа жетуге, зор табысқа ие болуға, сұрағаны берілуге, таусылмайтын нығметтер мен мәңгілік бақытқа бөленуге берілген ерекше мүмкіндік.

Ораза – нағыз сабырлылар мен ұстамдылардың, Раббысының разылығы мен шын бақытты іздеушілердің сыналар шағы бұл. Бұл ретте біз бірнәрсені ұмытпауымыз керек. Қиындық күшейген сайын оның сауабы да еселеніп беріледі. Мәселен, Алла Елшісі (ол кісіге Алланың игілігі мен сәлемі болсын) Айша анамызға қолтаңа қажылығында: «Сауабың шаршағаныңа байланысты», – деген. Сондай-ақ, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қатты суықта толық дәрет алған адамға екі есе көп сауап берілетінін айтқан болатын. Онымен қоса, Құранды қатесіз, көркем оқушыға Құран-

ның әр әрпі үшін он сауап жазылса, ал киналып, дұрыс оқыған адамға жиырма сауап жазылады.

Тағы бір айта кетер мәселе, біз ораза дегенде тек дененің оразасын ойламауымыз керек. Ораза денемен қатар рухани жағынан да тыйылуды көздейді. Жемек-ішпектен аулақ болып, аузына, көзіне, тіліне, құлағына ораза ұстатпаған адамның оразасы толық болмайды. Ондай адам тек аш тұрғанмен тең болады. Алайда, оразадағы мақсат – денеге һәм рухқа ораза ұстау, ғайбаттан, харамға қараудан, харамды естуден, өтірік айтудан, жаман сөздер айтудан, жала жабудан тыйылу. Сол себепті, Пайғамбарымыз бір хадисінде: «Өтірік айтуды надандық кезіндегідей тастамаған ораза ұстаушының ішіп-жеуді тастауына Алла Тағаланың мұқтаждығы жоқ!», – деген. Сондықтан бұған өте ұқыптылықпен, сақтықпен қарағанымыз жөн.

Қасиетті Құранда былай деп айтылады: «Рамазан айы сондай бір ай, ол айда адам баласына тура жол және (ақ пен қараны) айыратын дәлел түрінде Құран түсірілді. Сендерден кім Рамазан айында болса, ораза ұстасын. Ал біреу науқас не сапарда болса, басқа күндерде санын толтырсын. Алла сендерге оңайлық қалайды, ауырлық қаламайды. Сендерді тура жолға салған Аллаға шүкірлік етулерің үшін санын толтырыңдар. Әрі Алланы ұлықтандар». (Бақара сүресі, 185-аят). Ал егер кімде-кім Рамазанда әдейі ешқандай себепсіз оразасын бұзса, оған кәффарат ретінде бір құлды немесе күнді азат етуі, егер оған шамасы жетпесе, екі ай қатарынан ораза ұстауы, егер бұған да күші жетпесе, алпыс жоқжітікті тамақтандыруы тиіс. Құранда бұл жайлы былай делінеді: «Бастаған ізгі істеріңді бұзбандар». Пайғамбарымыз былай дейді: «Кімде-кім Рамазанда оразасын бұзса, оған зиһар жасаған адамға тиісті (кәффарат) жүктеледі».

САУАЛ – СІЗДЕН, ЖАУАП – БІЗДЕН

ОРАЗАНЫ БҰЗАТЫН ЖӘНЕ БҰЗБАЙТЫН ЖАҒДАЙЛАР

Қасиетті Рамазан айында оразаға қатысты жиі қойылатын бірқатар сауалды жауаптарымен ұсынамыз. Бұл жаңадан ауыз бекіткен жамағат үшін қажет болар.

Намаз оқымайтын адамның ораза ұстауына бола ма?

– Ораза – жеке-дара құлшылық. Намаз оқымаған адам да ораза ұстай алады. Намаз оқымайтын кісі ораза арқылы дінге біртәбан жақындап, келер жылдары намазға жығылуы әбден мүмкін. Ораза ұстаған кісіге «Оразаң қабыл болсын!» деп демесу беріп, мұсылманшылыққа даналықпен шақыру – әрбір саналы мұсылманның міндеті.

Ұйықтап қалып, сәресіні өткізіп алған кісілер не істейді?

– Сәресі ішу – парыз емес. Ұйықтап, яки басқа себептермен сәресіні өткізіп алғандар ештеңе ішіп-жеместен ораза ұстауын ары қарай жалғастыра береді. Бірақ сәресіні жіберіп алмауға тырысқан жөн. Хадисте: «Сәресі ішіңіздер, себебі, сәресіде берекет бар. Бір жұтым су ішсеңдер де сәресіні тастамаңдар. Себебі, сәресіге тұрғандарға Алла Тағала рақым етіп, періштелер кешірім тілейді», – делінген. Сәресі ішу адамға күш береді, күндізгі жұмыстарын тыңғылықты атқаруға, ғибадаттарын кемшіліксіз орындауға көмектеседі. Бұған қоса, сәресіге тұрған кісі сүннет сауабын алады.

Ауыз бекіткенде тіс пастасын қолдануға бола ма?

– Тісті мүмкіндігінше сәресі уақыты шықпай тұрып жуып алған абзал. Ал ол мүмкін болмаған жағдайда тамаққа кетпейтіндей етіп аса сақтықпен жууға рұқсат етіледі.

Аузы берік адамға өзен-көлге түсуге бола ма?

– Ораза кезінде салқындау, жеңілдеу мақсатында өзен-көлге, т.б. жерлерге шомылуға немесе ғұсылдануға болады. Бұл оразаны бұзбайды. Тек ауыздан не мұрыннан ішке су кетіп қалмауын байқау керек.

Крем жағу оразаны бұза ма?

– Терідегі ұсақ тесіктер арқылы

ет пен терінің арасына сіңетін заттар оразаны бұзбайды. Мысалы, крем жағу, май жағу, судың ішінде ұзақ тұру, жараның бетіне дәрі таңу, т.б. Тек крем не майды жаққан кезде тым қалыңдатпаған жөн. Себебі, қалың жағылған крем не май дәрет алғанда суды теріге жеткізбеуі мүмкін. Ал теріге су тимеген соң дәрет дұрыс болмайды.

Тіс жұлдырса не болады?

– Егер адам ораза кезінде тіс жұлдыртатын болса, онда оның оразасы бұзылмайды. Тіс жұлғаннан кейінгі аққан қанның ішке кетіп қалмауын байқау керек. Егер

тісінен аққан қанды жұтып қойған жағдайда тек сол күнгі оразаның қазасын өтейді.

Көзге дәрі тамызу оразаны бұза ма?

– Бұзбайды. Себебі, көз бен ішкі қуыстың (тамақ) арасында байланыс жоқ.

Құлақ пен мұрынға дәрі тамызу ше?

– Құлақ пен мұрынға дәрі тамызу оразаны бұзады. Өйткені, екеуінің ішкі қуыспен (тамақпен) байланысы бар. Яғни дәрінің тамаққа өтіп кету қаупі бар.

Ораза кезінде асқазанды медициналық құралдың көмегімен тексеруге (зонд жұтуға) бола ма?

– Егер ішке кіретін тарапы құрғақ болса ораза бұзылмайды, ал егер ішке кіретін жағына мазь не болмаса сол секілді заттар жағылса, ораза бұзылады.

Астың дәмін көру оразаны бұза ма?

– Егер тамаққа ас кетіп жұтынбаса, бұзбайды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Күнделікті әдеттеріңізде өзгеріс бар ма?



Жұмахмет ЖАЙЛАУБАЙ,
дінтанушы:

Оразаның сан қыры бар. Солардың бірі – өзіңді-өзің тәрбиелеу. Мен 5 жыл немесе 10 жыл бойына ораза ұстап келемін деп мақтанышпен айтып отыратындарды көріп жүрміз. Біріншіден, ораза – Алла мен пенденің арасындағы сыр. Оны жариялап, мақтанышпен айту – оразаның барлық сауабынан айырылу деген сөз. Екіншіден, 10 жыл ораза ұстадыңыз дейік. Қабыл болсын! Бірақ осы жылдарда мінез-құлқыңызда, күнделікті әдеттеріңізде өзгеріс бар ма? Әлде аузыңызды аша салып, темекінің түтінімен «жылап» көрісіп, Рамазан айы бітісімен арақпен шөліңізді басып жүрсіз бе? 10 жылда ең болмаса 5 жаман әдетіңізден ажырай алдыңыз ба?

Жүрегіңізге жылулық орнап, ағайын-туысыңызбен ара қатынасыңыз жақсарды ма, біреуге деген ішкі қыжылыңыз таркады ма? Егер осы айтқандардың бәрі бұрынғыдай болса, сіздің 10 жыл ораза ұстағаныңыз, басқаны айтпағанда, ең алдымен өзіңізге керек пе. Сондықтан оразаны көптен қалмайын деген оймен емес, Алланың пендесіне бұйыртқан қасиетті айында жаман мінез бен жағымсыз әдеттерімнен арылып, айналама жақсылықтан жылу сыйлап, өзімді тәрбиелейін деген ниетпен ұстаған әлдеқайда қайырлы. Ораза ұстағанда ойыңызда осындай ниет тұратын болса, бойыңыз да соған үйренері сөзсіз.

Әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕБА.

ТӘЛІМ



АУЗЫ БЕРІК БАЛДЫРҒАН

– Біздің Алмас ораза ұстапты. Сыныпта өзін мазасыз сезініп, дәптерін шимайлап, тақтадағыны да дұрыс көшіре алмай әбден киналды. Сонда бізге де ораза ұстауға болады, иә, анашым? – деп сұрады «алтыншыдағы» балам.

– Иә, болады, балам.

– Әлібек те ораза ұстапты. Бірақ жаман сөз айтып жүр кеше мектепте. Ол дұрыс емес қой, иә,

анашым! «Оразада олай айтуға болмайды», – дедім сосын.

– Дұрыс айтыпсың, қызым. Ораза – адамды имандылыққа, адамгершілікке тәрбиелейтін қасиетті ай. Жалпы, бәріміз Рамазан айын күтпей-ақ, жыл он екі ай бойы жаман сөйлемегуге, тек жақсы нәрселер ойлауға тиіспіз. Мәселен, автобуста әжеге орын берсең, ол да имандылыққа жатады.

Ораза мәселесінде балаларды мәжбүрлеу не болмаса айныту қажет емес дейді мамандар. Егер ол ораза ұстаймын десе, оның шешіміне қолдау көрсетіп, оны мақтан тұтатыныңызды білдіріңіз дейді.

Балаға ата-ананың сөзінен гөрі, олардың амалдары көбірек әсер ететінін есімізде ұстайық. «Егер балалар кішкене күндерінен бастап ата-аналарының ораза ұстап жүргенін көріп өссе, онда олардың алдында ораза ұстау-ұстамау деген сұрақ туындамайтын болады, балалар зор қуанышпен ата-аналарына қосылып ауыз бекітетін болады», – дейді дін өкілдері.

Бүгінде балалардың да оразаның қадір-қасиетіне бойлап, кішкентай жүректерімен түсінуге тырысып жүргені бізді қуантады. Иманды, ибалы, әдепті ұрпақ үшін қуанбағанда ше!

Нұр ЖАМАЛ.



ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

ТҰРҒЫН ҮЙ АЛУ ЖОЛДАРЫ

Алматы қаласының төрінен баспана алу – әр алматылықтың арманы болар. Осы орайда, «Almaty akshamy» газеті 2022 жылы мемлекеттік тұрғын үй бағдарламалары бойынша тұрғын үйді жалға немесе сатып алу жолдарын ұсынады.



ТҰРҒЫН ҮЙДІҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ

Бір адамға шаққанда табысы ең төменгі күнкөріс 1 деңгейінен кем – сатып алу құқығынсыз/ құқығымен жалға алу

Динара
МҰРАТ

Жалпы, біздің елде мемлекеттік бағдарламалар арқылы баспаналы болудың екі жолы бар:

1. Жалдау арқылы – сатып алу мүмкіндігімен немесе сатып алу қарастырылмайды.

2. Жеңілдікпен несие беру (төмен пайыздық ипотека).

Әрбір бағдарламаға «кіру» үміткердің табысына байланысты, ол ең төменгі күнкөріс деңгейі бойынша есептеледі. 2022 жылы бұл көрсеткіш 36 018 теңгені құрайды.

Сондай-ақ, бағдарламалардың басым бөлігі үшін адамның өз баспанасы болмауы тиіс және ол әкімдікте тұрғын үйге кезекте тұруы тиіс. Кезекке kezekte.kz тіркелу-платформасы арқылы тұруға болады.

Әр бағдарламаға жекелей тоқталсақ.

ЖАЛҒА АЛУ

1. Әлеуметтік жағдайы төмен азаматтар үшін

Бұл көпбалалы және толық емес отбасылар, жетім балалар, мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасылар.

Қатысушыларға қойылатын талап:

- әкімдік кезегінде тұру;
- жеке тұрғын үйі болмауға тиіс;
- конкурсқа қатысуға өтінім беру;
- отбасының бір мүшесіне табысы – ең төменгі күнкөріс деңгейінен (36 018 тг) артық болмауы тиіс.

Сатып алу мүмкіндігісіз берілетін пәтер коммуналдық қордан беріледі. Бұл бастапқы немесе қайталама тұрғын үй болуы мүмкін.

Ай сайынғы жалдау ақысы – 5000 теңгеден 15 000 теңгеге дейін. Мөлшерін әкімдіктер белгілейді. Коммуналдық төлемдер мен үйдің шығындары қосымша төленеді.

Жалға алушы пәтерде тұрақты тұрып, жалдау шартын әр бес жыл сайын

ұзарты алады. Азамат қайтыс болған жағдайда тұрғын үй отбасы мүшесіне мұра болып қалады.

Бағдарлама еліміздің барлық аумағында қолданылады. 2022 жылы 3 мыңға жуық пәтер беру жоспарланып отыр. Өтінімдерді қабылдау туралы хабарландыруларды Тұрғын үй басқармасы жариялайды.

Биыл елімізде жалдау ақысын субсидиялау басталады: 50%-ын мемлекет төлейді, 50%-ын жалға алушының өзі төлейді. Тек табысы төмен азаматтарға көмек көрсетіледі.

2. Жұмыс істейтін жастар үшін

Алматы қаласында жұмыс істейтін жастарға да жалға берілетін тұрғын үй қарастырылған. «Almaty zhastary» бағдарламасы арқылы 29 жасқа дейінгі азаматтарға 5 жылға жалға баспаналы болуға болады.

Талаптар:

– апатты тұрғын үйлерді қоспағанда, соңғы екі жылда өтініш берушінің, жұбайының (зайыбының), кәмелетке толмаған балаларының жеке тұрғын үйінің болмауы;

– қалада кемінде екі жыл тұрақты тіркеуде болуы;

– аяқталған орта / арнайы орта / жоғары / жоғары оқу орнынан кейінгі білім;

– ресми түрде жұмыс істеу;

– өтініш берушінің соңғы алты айдағы табысы кемінде 40 АЕК (122,5 мың тг) болуы тиіс.

2022 жылы 1 АЕК – 3063 теңгені құрайды.

Балдық жүйе қолданылады (отбасы, балалар, жұмыс және т.б. үшін).

Жаңа тұрғын үй ұсынылады. Ай сайынғы жалдау ақысы – 5000–15 000 теңге арасында.

Жалға алудың ең ұзақ мерзімі – 5 жыл. Мерзімі аяқталғанда жалға алушы пәтерді қайтаруы тиіс. Алматыда бұл бағдарлама арқылы жыл сайын 1000 пәтер беріледі. Бағдарлама 2025 жылға дейін жұмыс істейді.

3. Сатып алу құқығымен жалға алу («Нұрлы жер»)

Әкімдіктерде кезекте тұрғандар үшін: халықтың әлеуметтік осал топтары, сондай-ақ білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, ПД, ТЖД қызметкерлері. Бағдарлама операторы – «Қазақстан Тұрғын үй компаниясы» АҚ (ҚТҮК).

Жылдан-жылға тізімге өзгертулер енгізіліп тұрады. Оларды өңірдің қажеттіліктеріне және тұрғын үйдің болуына қарай бейінді министрліктер мен әкімдіктер қалыптастырады.

Үміткерлерге қойылатын талаптар:

– соңғы бес жыл ішінде жеке тұрғын үйі болмауы тиіс. Егер жатақханада бөлме болса, онда отбасының әр мүшесіне 15 шаршы метрден аз болуы керек;

– әкімдік кезегінде тұру;

– ҚТҮК ішкі құжаттарына сәйкес төлем қабілеттілігін растау.

Алматыда жалға алу құны 1 шаршы метріне – 1455 теңге. Коммуналдық төлемдер мен үйдің шығындары қосымша төленеді.

Шарттары:

– пәтерлер бастапқы нарықтан беріледі;

– бастапқы жарнасыз;

– мерзімінен бұрын сатып алу мүмкіндігімен 20 жылға беріледі.

Өтінім мақұлданған жағдайда жалға алу шарты бойынша тұрғын үй құнының 1%-ы мөлшерінде біржолғы төлем енгізу қажет.

Өтінімдерді қабылдау туралы хабарландырулар тұрғын үй басқармаларының сайттарында жарияланады.

ЖЕҢІЛДІКПЕН НЕСИЕ БЕРУ

1. «Бақытты отбасы» бағдарламасы

Көпбалалы, толық емес отбасылар мен мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасылар үшін.

Талаптар:

– кезекте тұру;

– жеке тұрғын үйі болмауы;

– «Отбасы банкте» депозит ашу;

– отбасының бір мүшесіне шаққандағы

табысы 3,1 ең төменгі күнкөріс деңгейінен артық емес (111,6 мың тг).

Шарттары:

- мөлшерлеме – 2 %;
- бастапқы жарна – 10 %-дан;
- мерзімі – 20 жылға дейін.

Алматыда берілетін қарыздың ең жоғарғы сомасы – 15 млн теңгеге дейін.

Сіз өзіңіз кезекке тұрған аймақта пәтерді бастапқы, қайталама нарықта немесе жер үй сатып ала аласыз.

Өтінім «Отбасы банкінің» www.hcsbk.kz сайты арқылы беріледі. Қабылдаудың басталуы туралы ескерту банк сайттары мен сіздің қалаңыздың тұрғын үй басқармаларының парақшаларында жарияланды.

Құжаттарды қабылдау 1–29 сәуірге белгіленген. Биыл осы бағдарлама бойынша барлығы 5,1 мың қарыз беріледі.

4. «Алматы Жастары 3.0»

Мемлекеттік, қалалық және республикалық мекемелерде жұмыс істейтін жастар үшін: полиция қызметкерлері, мұғалімдер, мәдениет, спорт, журналистика, әлеуметтік және IT саласының қызметкерлері және т.б.

Талаптар:

– жасы 35 жастан аспауы;

– соңғы 5 жылда және өтінім берген сәтте (отбасы мүшелерін қоса алғанда) жеке тұрғын үйінің және сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үйінің болмауы;

– соңғы жылы қалада тұрақты үздіксіз атаулы тіркеудің болуы;

– қатысушының соңғы жылынан кем емес ресми жұмыс өтілі;

– жинақталған сомасы 1,8 млн теңгеден кем емес «Отбасы банкте» депозиттің болуы;

– ресми жұмыс өтілі соңғы 6 айдан кем емес;

– отбасының бір мүшесіне шаққандағы табыс – 6 ең төменгі күнкөріс деңгейінен (216,1 мың тг) артық емес.

Шарттары:

– мөлшерлемесі – жылдық 5 %;

– бастапқы жарна – 10 %-дан;

– қарыздың ең жоғарғы сомасы – 18 млн;

– кредиттің ең ұзақ мерзімі – 25 жыл.

Бастапқы немесе қайталама нарықтағы пәтерлер беріледі. Қатысушыларды іріктеуде неке жылдары, балалардың болуы, жұмыс өтілі мен халықтың әлеуметтік осал топтарына жатқызылуы қосымша баллдар береді.

Бағдарламаның басталғаны туралы zhilfond.kz және almaty-zhastary.kz сайттарында жарияланады.

6. «7-20-25» ИПОТЕКАСЫ

Меншік құқығында тұрғын үйі жоқ азаматтар үшін.

Талаптар:

– жекеменшік үйдің болмауы;

– еңбек табысының болуы және төлем қабілеттілігін растау;

– отбасының бір мүшесіне шаққанда айына табыс – 3,7 ең төменгі күнкөріс деңгейінен астам (133,2 мың тг). Екі тең қарыз алушыны тартуға болады.

Шарттары:

– мөлшерлеме – 7%;

– бастапқы жарна – 20%-дан;

– мерзімі – 25 жылға дейін;

– Алматыда берілетін ең жоғарғы сома – 25 млн тг.

Тек міндетті түрде пайдалануға берілген бастапқы жылжымайтын мүлік.

Жалпы 2022 жылы Қазақстанда барлығы 17,3 млн шаршы метр тұрғын үй (163 мың пәтер) салу жоспарланып отыр. Оның ішінде:

– 11,8 мың несиелік пәтер;

– 7,3 мың жалға берілетін пәтер.

Көпбалалы отбасылар үшін – 1,3 мың пәтер, әлеуметтік осал отбасылар үшін – 3 мың пәтер, жұмыс істейтін жастар үшін – 3 мың пәтер берілімек.

(Дереккөз: Материал Krisha.kz-тің ресми сауалына ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің жауабы негізінде дайындалған).



АЛМАТЫЛЫҚТАРДЫ НЕ ТОЛҒАНДЫРАДЫ?



Жаңа арықтарды неге ауыстыра береді?

Қазір қалада жаппай тазалық жұмыстары жүргізіліп жатыр. Олардың қатарында арықтарды тазалау және ауыстыру жұмыстары да бар.

— Мәселен, Саин мен Момышұлы көшелерінің арасындағы біз тұратын Ұлықбек көшесіндегі арықтарды 2016 жылы жаңадан қойған болатын. 5 жыл ғана болды, әлі де қолдануға болады. Бірақ міне, неге екені тағы ауыстырайын деп жатыр. Бұл қаншалықты орынды? Бұл жұ-

мыстар Жасыл экономика басқармасы мамандарының жоспары негізінде ұйымдастырылып жатқаны анық. Олар одан да бітеліп, іске жарамсыз болып жатқан құбырларды ауыстырмай ма? — дейді тұрғындар.

Open Almaty мамандарының айтуынша, тұрғындардың шағымы қазір қаралып жатыр. Нақты жауап құзырлы орындардың шешімінен кейін қосымша хабарланатын болады.

Құжат-қоқыс

«Қайрат» ықшамауданына қарасты Сарыарқа көшесінің бойы «Halyk bank» АҚ құжаттарының қоқысына толған. Бейберекет шашылған жарамсыз қағаз қалдықтарына қатысты тұрғындар: «құжат қалдықтарын оңды-солды көше бойына лақтыра беретін банкке ешқандай тиісті шара қолданылмай жатыр», — деп шағымданады.

— Ол қағаз болғаннан кейін желмен бірге ұшып, бүкіл көшені қоқыс алаңына айналдырды. «Халық банк» үлкен мекеме болғаннан кейін ондай қалдықтарын полигондарда өртеу керек қой. Рұқсатсыз, көше ортасына лақтырып кету деген сұмдық қой, — дейді Самал Әбдібекқызы.

Тұрғындардың айтуынша, бұл жағдай Сарыарқа көшесінде бірінші рет орын алып отырған жоқ. Олардың аталмыш банкпен сөзге келе алмай жүргендеріне біраз уақыт болған. Банк мамандары бұл ескертуді енді жауапсыз қалдырмайды деп сенеміз.



Қалай жүреміз?

Бостандық ауданындағы Жароков, 269 мекенжайында орналасқан үйдің алдында ағаштар құлап, тұрғындардың жүріп-тұруына ыңғайсыздық тудырып жатыр. Бұл туралы Айгерім есімді аудан тұрғыны редакциямызға хабарласып, шағымданды. Айтуынша, өткен аптада орын алған дауыл салдарынан құлаған ағаш қанша уақыт өтсе де алынып тасталмаған.



— Экология басқармасы бұған біз жауапты емеспіз деп отыр. Ағаш балалар ойнайтын алаңға құлаған. Күн жылынғанда баланың далаға қарай жүгіретіні белгілі ғой. Мына ағаштардан балаларымыз ойнаудан қалды. Тезірек осы мәселені шешіп берсе екен дейміз, — дейді аудан тұрғыны.

Тұрғындар сауалына орай Бостандық ауданына хабарласқанымызда, дәл қазіргі уақытта коммуналдық қызметтер осы мәселе бойынша жұмыс істеп жатқандарын жеткізді. Сол себепті, сала мамандары қала тұрғындарынан сәл сабыр сақтауын өтініп отыр. Өйткені, тазалық жұмыстары аудан аумағындағы барлық аулаларда жүргізіледі.



Кеміргіштер көбейіп барады

Алматы тұрғындары қалада түрлі кеміргіштердің көбейгенін айтып, дабыл қағуда. Мәселен, Назым Есқуат есімді желі қолданушымыз Есентай өзенінің жағасында егеуқұйрықтардың қаптап жүргенін айтып, желіге жазба қалдырыпты. Қала тұрғынының әлеуметтік желіге жүктеген бейнематериалынан расында да кеміргіштердің зыр қағып жүгіріп жүргенін көруге болады.

Алматылық Аида Қанағатқызы да Н.Назарбаев даңғылында егеуқұйрықтардың қаптап жүргенін айтады. «Иә, кеміргіштер көбейіп кетті. Өздері сондай сүйкімді, әппақ әрі әдемі болады екен», — деп әзілдейді Жұлдыз есімді бойжеткен. Алайда, желі қолданушыларының бұл мәселеде пікірлері екіге бөлінді. Бірі мұндай зиянкестердің адам өмір сүрген жерде болуы қалыпты жағдай, егеуқұйрық барлық қалада бар десе, екіншісі, оларды аулайтын ит-мысықтардың азайғанымен байланыстыруда.

Редакциядан: Газетіміздің өткен санында дәл осы кеміргіштерге қарсы күрес жұмыстарының қашан жүргізілетінін айтқан болатынбыз. Тағы бір мәрте естеріңізге сала кетейік, дератизация жұмыстары мегаполистің 47 мың гектардан астам аумағында жүргізіледі. Жұмыс барысында саябақтар, скверлер, өзен жағалаулары, су қоймалары, арық науалары, контейнерлік алаңдар өңделеді. Кеміргіштермен күрес жылына екі рет — көктем мен күзде жүреді. Бұл жұмыстар егеуқұйрықтар мен тышқандардың санын азайтуға, сондай-ақ аса қауіпті жұқпалы және инвазиялық аурулардың таралуының алдын алуға бағытталған.



Жылуды қашан өшіреді?

Редакциямызға хабарласқан қала тұрғындары Алматыда жылыту маусымы қашан аяқталатынын білгілері келеді.

Мәселен, Раушан Қарычалова есімді желі қолданушымыз «Далада күн жарқырап, ауа райы 20 градустан жоғары болып тұр. Үйдің іші ысып кеткен соң тереземізді ашып тастадық. Жалпы, қалада жылу қашан өшеді екен?» деп сұрайды. Бұл сұрақ алматылықтардың барлығын қызықтырса керек, желі қолданушылар бұл сауалға қатысты ойларын бірінен кейін бірі іліп әкетіп ортаға салды. Ойларымен бөлісіп, бұл мәселеден хабары барлар жауап беріп жатты.

Гүлім БАҒДАТҚЫЗЫ: балабақшаларға баратын балалардың бөлмелері ысып кетті. Әсіресе, ұйықтағанда қиын



болып тұр. Даланың ыстығы мен батареяның жылуы қосылғанда тіпті қайнап кетеді. Сосын олар терлейді.

Жанна БЕКЗАТ: Қазір ауа райы құбылып тұр. Түн әлі де салқын. Сондықтан жылуды өшіруге асықпайық.

Маржан ШӨКЕТАЕВА: Жылуды өшірген дұрыс. Әйтпесе, коммуналдық төлемге артық ақша төлейтін боламыз.

Бауыржан СЕРБАЙҰЛЫ: ПИК-тер аудан әкімдіктерінің бұйрығын күтіп отыр. Әдетте, 15 сәуірде өшірілетін.

БЕТ ҚАТТАЛЫП ЖАТҚАНДА, бізге қала әкімдігінің баспасөз қызметінен ақпарат келді. «Алматыда күнтізбелік бес күн ішінде гидрометеорологиялық қызмет тіркеген сыртқы ауаның орташа тәуліктік температурасы +8° C және одан жоғары болуына байланысты және ұзақ мерзімді ауа райы болжамын назарға алатырып, қалалық әкімдік 2022 жылғы 5 сәуірде 2021-2022 жылғы жылыту маусымын аяқтау туралы шешім қабылдады», делінген хабарламада.



PIKIP

ЖАҢА ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМА
ҚАБЫЛДАНАДЫ

Медицина қызметкерін қорғайтын заң жобасы әзірленді. ҚР Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният Алматыдағы белгілі дәрігер Юрий Шумковтың өліміне қатысты пікір білдірді.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

«Қазақстанның медицина жұртшылығы Алматы қаласындағы гастроэнтерология институтында бірнеше жыл бойы қызмет атқарған белгілі гастроэнтеролог-дәрігер Юрий Шумковтың өлтірілгені туралы хабарды естіп, қатты алаңдауда. Жеке өз атымнан және Денсаулық сақтау министрлігі ұжымының атынан қайғылы қазаға ұшыраған дәрігердің туыстары мен жақындарына қайғырып көңіл айтамын. Бұл оқиға – республиканың денсаулық сақтау саласы үшін жантүршігерлік аса ауыр қайғы. Бейбіт күнде дәрігерге жауыздық танытқан, өз іс-әрекетіне жауап бермейтін адамның қолынан қаза тапты. Отандық медицина гастроэнтерологияның дамуына зор үлес қосқан, жүздеген пациентті жоғары медициналық білімінің арқасында емдеп, өмірін сақтап қалған аса білікті маманынан айырылды», – деп жазды министр.

Ажар Ғиният аталған іс бойынша тергеу амалдары жан-жақты өтіп, қайғылы оқиғаға кінәлілер заңның барлық қатаң



талабы бойынша жазаланады деген сенім білдірді.

«Әрбір осындай инцидент бүгінде заңнамалық тетіктердің көмегімен медицина қызметкерлерінің құқығын сенімді қорғауды қалыптастыру, өз өмірі мен денсаулығы үшін қорықпай қауіпсіз еңбек етуіне кепілдік беретін құқықтық нормаларды қабылдау қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Денсаулық сақтау министрлігі медицина қызметкерлерінің құқығын қорғау туралы заң жобасын әзірледі. Жақын арада ол Парламенттің қарауына енгізілетін болады», – деп жазды ол.

Еске сала кеткен жөн, 4 сәуір күні Алматыда дәрігер емделуші пациентінің қолынан қаза тапты. Оған біреу аң аулайтын мылтықтан оқ атқан. Аса ауыр қылмыс қаланың Бостандық ауданында болған. Күдікті қалада жүргізілген арнайы жоспар барысында Алматы қаласы Алатау ауданы аумағында ұсталды.

ПОЛИЦИЯ

ҚАРУ ТӘРКІЛЕНДІ

Алматы полицейлері ҰҚК көмегімен ұйымдасқан қылмыстық топ мүшелерінен қару-жарақ арсеналын тәркіледі.

Досбол
АТАЖАН

«Бірқатар ауыр және аса ауыр қылмыс жасағаны үшін аталған ҰҚТ-ның бес мүшесі ұсталып, қамауға алынды. Жедел және арнайы іс-шаралар кешенін өткізу барысында олардың Алматы облысының аумағында бірнеше қару қоймаларын ұйымдастыру фактілері анықталды», – деді Алматы қаласы полиция департаменті басшысының орынбасары Берік Әбілбеков.

Нәтижесінде жасырылған екі Калашников автоматы (АКС), екі Макаров және ТТ жауынгерлік тапаншасы, үш аңшылық карабині, екі тегіс ұңғылы Винчестер, 13 аңшылық мылтық, 53 аңшылық мылтық, үш травматикалық тапанша, сондай-ақ әртүрлі атыс қаруларына 200-ден астам оқ-дәрі табылып, тәркіленді.

«Сонымен қатар, ҰҚТ мүшелерінен екі жауынгерлік және төрт граната, төрт пышақ, екі тасымалды радиостанция, сондай-ақ түрлі арнайы оптикалық құралдар, дене сауыттары және т.б. басқа заттар алынды. Соңғы жасырын қойма біз кеше ғана таптық», – деп қосты Б.Әбілбеков.

ҚР ҚК 287-бабының, 3-бөлігінің нормаларына сәйкес қару мен оқ-дәрілерді заңсыз сақтау фактісі бойынша сотқа дейінгі тергеу жүргізілуде. Алынған арсенал сараптамаға жіберіледі. Оның нәтижелері бойынша алынған қару мен оқ-дәрілердің кімнен қалай алынғандығы нақты анықталады.

Айта кеткен жөн, бұған дейін ҰҚК ақпаннан наурыз айларының аралығында заңсыз қаруды, оның ішінде қаңтар оқиғалары кезінде ұрланған қаруды іздеу және тәркілеу бойынша жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізгенін хабарлаған.

МӘЛІМДЕМЕ

Алматыдағы техникалық қызмет көрсету станцияларының (ТСҚ) біріне бір топ жігіттің кіріп келіп, станция шеберін соққыға жыққаны туралы видео әлеуметтік желіге тарап кеткен болатын.

Бір адамға
жабылған

Аталған оқиға бойынша қалалық Полиция департаменті мәлімдеме жасады. «Бұл факті ҚР Қылмыстық кодексінің 293-бабы бойынша сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізілімінде тіркелгенін және Жетісу аудандық полиция

басқармасы тергейтінін хабарлайды. Аталған қылмысты ашу мақсатында жедел-тергеу тобы құрылды», – делінген департамент хабарламасында.

Жетісу аудандық Полиция басқармасының бастығы, полиция пол-

ковнигі Дархан Мұсанов күдіктілердің жеке басы анықталғанын айтты. «Оларды ұстау – уақыт мәселесі. Кінәлілерді ұстауға және оларды жауапкершілікке тартуға бағытталған жедел және арнайы іс-шаралар кешені жүргізілуде», – деді ол.



«КӨП АСҚАНҒА – БІР ТОСҚАН»

Студент есірткі
тасыған

Алматыда 19 жастағы студент есірткі жеткізетін курьер болып табыс тауып келген. Оны полиция қызметкерлері мен есірткі қылмысымен күресушілер оқиға орнында ұстады.

Шаһардағы жоғары оқу орындарының бірінің 3-курсында оқып жүрген студент 2 ай бойы есірткі тасушы курьер болып жұмыс істеген. Күніне орта есеппен 20–25 есірткі жеткізіп келген. Жас жігіт телеграм чатта орындалған жұмысын баяндап, сурет пен геолокацияны көрсетіп отырған. «Есірткі сатушы «Қайрат» ықшамауданындағы жеке үйлердің бірінің маңында жедел және арнайы іс-шаралар барысында ұсталды. Тінту кезінде одан Меф 1,0*10 және Меф 0,5*15 деген жазуы бар полиэтилен бума табылып, тәркіленді. Буманың ішінде ашық-қоңыр түсті ұнтақ затымен 25 полиэтилен бума бар. Аталған дерек тіркеліп, Қылмыстық кодекстің 297-бабы 1-бөлігі бойынша тергеліп жатыр», – деді Алматы қалалық Полиция департаментінің есірткі қылмысына қарсы күрес басқармасының бастығы Сағындық Аяғанов.

Нашақорлықпен күрес

Алматы тұрғыны есірткінің аса ірі партиясымен ұсталды. Күдікті Жетісу ауданында орналасқан базар маңынан қолға түскен.

«Тінту кезінде күдіктіден екі полиэтилен байламы табылды. Ақшыл түсті ұнтақ және түйіршіктер түріндегі ерекше иісі бар зат тәркіленді. Айтуынша, ол есірткіні белгісіз ер адамнан сатып алған. Сараптама қорытындысы бойынша тәркіленген зат героин болып шықты», – деді Алматы қалалық ПД есірткі қылмысына қарсы күрес басқармасы бастығының орынбасары Сағындық Аяғанов.

39 жастағы С. есімді тұрғынға ҚР ҚК-нің 296-бабы 3-бөліміне сәйкес қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеу басталды.

Пранктың да шегі бар

Тағы бір пранк жасаған алматылық жігіт қамауға алынды. Нақтырақ айтсақ, Алматы қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында К. есімді азаматқа қатысты ұсақ бұзақылық бойынша іс қаралды.

Сот барысында анықталғаны, алматылық тұрғын әлеуметтік желіде пранк жасап, өзінің көрермендерін көбейту мақсатында «Магнум» сауда дүкенінде видео түсірген. Онда пранкер беліне дейін шешініп тастап, қоғамдық орында этиканы сақтамай «Буратино» іш!» деп айқайлаған.

Сот мәжілісінде ол өзінің әкімшілік құқық бұзушылық жасағанын толық мойындап, іс-әрекетіне өкінетінін жеткізген. Сот қаулысымен кінәлі азаматты 15 тәулік мерзімге қамауға алу түріндегі әкімшілік шарасы тағайындалған.

Пранкер жігіт бұған дейін де полицияның модульді пунктінде және қоғамдық көлік ішінде, тіпті метро мен сауда орталығында да пранк жасап, оның бәрі де әлеуметтік желіде кеңінен таралып кеткен болатын. «Көп асқанға – бір тосқан» деген осы.

Дайындаған Нұр ЖАМАЛ.

ЕСІРТКІМЕН КҮРЕС

ТРАНСҰЛТТЫҚ АРНАНЫҢ
ЖОЛЫ КЕСІЛДІ

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қызметкерлері есірткіні жеткізу арналарының жолын кесу мақсатында шекаралас мемлекеттердің есірткіге қарсы ведомстволарымен тығыз қарым-қатынас ұйымдастырды.

Гүлжанат
МАРАТҚЫЗЫ

Алматы, Ақтөбе, Атырау және Шығыс Қазақстан облыстарында жарты жыл бойы есірткі сатушылардың әрекетін жою бойынша бірлескен арнайы операция жүргізілді. Шетелден синтетикалық есірткі ерітіндісі бар сәлемдемелерді алып отырған Қазақстанның 5 азаматы анықталды. Олар өндіріс процесінде сұйықтықты бу арқылы кептіріп, құрғақ өнім алып отырған, осылай синтетикалық есірткілерді аса ірі мөлшерде сату үшін бөліп дайындаған.

Департамент бастығының міндетін атқарушы Асқар Мұхаметқалиевтің айтуынша, соңғы жылдары синтетикалық есірткілер мен оларды өндіруге арналған құрамдас бөліктерінің шекаралас мемлекеттерден жеткізілетіндігін ескере отырып, шетелдік әріптестермен ынтымақтастық басым бағыт ретінде айқындалды. Быыл үш айда ғана қазақстандық полицейлер осындай өзара іс-қимыл шеңберінде шетелдің есірткіге қарсы құры-

лымдарынан ақпарат алғаннан кейін қылмыс жасау барысында 9 адамды ұстаған.

Заңсыз айналымнан 8 келіден астам синтетикалық есірткі тәркіленді. Осы жылдың бірінші тоқсанында ішкі істер органдары барлығы 695 есірткі қылмысын, оның ішінде аса ірі көлемде есірткі заттарын сақтаудың 133 фактісі, контрабанданың 30 фактісі, притон ұстаудың 5 фактісі анықталды. Заңсыз айналымнан тоннаға жуық есірткі тәркіленді. Оның ішінде 900 грамға жуық героин, 42 келіден астам синтетикалық есірткі. Нұр-Сұлтан қаласы және Атырау облысы аумағында есірткі сатумен айналысқан 2 ұйымдасқан қылмыстық топ әрекетінің жолы кесілді. Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларында, Алматы, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан облыстарында 8 есірткі зертханасы жойылды.

Есірткілерді жарнамалау және насихаттау фактілері бойынша 33 және интернет арқылы өткізу фактілері бойынша 10 сотқа дейінгі өндіріс тіркелді. Есірткі тарату туралы ақпаратты қамтитын 565 веб-сайт, аккаунт және басқа ресурстар анықталып, бұғатталды.



ІЗЕТ

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ ЕДІ



Алматыдағы жалғыз қазақ мектебін ұзақ жыл басқарған, Социалистік Еңбек Ері, атақты ұстаз Рафиха Нұртазина көктемде дүниеге келген. Содан да шығар, кейде «сыртқа қатал көрінгеніммен, жан-дүнием көктемдей жылы» деп әзілдеп отыратын. Былтыр еліміз жұлдызды ұстаздың 100 жылдығын атап өтті.

Бар өмірін білім саласына арнаған Рафиха Бекенқызы тек мектептің шаруасымен шектеліп қалған жоқ. Алматы қалалық кеңесіне 7 рет депутат болып сайланып, республикалық Балалар ұйымын да басқарды. Мәскеудегі педокудың, бірнеше редакция алқасының мүшесі болды. 1972 жылы Рафиха Нұртазина басшылық етіп отырған №12 мектеп ағылшын тілін тереңдетіп оқытуды қолға алды. Осылайша түрлі елшіліктер мен ресми орындарға қажетті мамандарды да тәрбиеледі. Ұлағатты жанның көрегенділігі шығар, үш тұғырлы тілге сол кездің өзінде көшіп, шәкірттері ағылшын тілін еркін меңгеріп шықты. Өз жұмысына үлкен жауапкершілікпен қараған Рафиха Бекенқызы кадр таңдауда да еш қателеспеген. Атақты ұстаз бен оның ұжымы туралы ақиқат та, аңыз да жетерлік.



Рая
ЕСКЕНДІР

Індетке тұспа-тұс келгендіктен артық іс-шара, жиын өткізуге еш мүмкіндік болмады. Дегенмен, аңызға айналған алтын ұя – атақты №12 мектеп ұжымы оқушылар арасында жыр-мұшәйра, сынып сағаттарын, көзін көргендермен кездесулер өткізіп, тұлғаға тағзым жасады. Қалалық әкімшілік мектепке мемориалдық тақта орнатты.

Дәмелі ДАНИЯРОВА,
еңбек ардагері:

– Рафиха Бекенқызы өзі өткізетін ашық сабақтарға үнемі жас мамандарды қатыстыратын. Ол кезде қазірдей мүмкіндік қайдан болсын? Барлық көрнекі құралды өз қолымен жазып әкелетін. Сосын одақтық басылымдарда жарық көрген материалдарды пайдалана білетін. Қазір ойлап отырсам, ол кісі көп оқып, ізденген екен ғой.

Рахима БӨЛЕКБАЙҚЫЗЫ,
еңбек ардагері:

– Менің бір таңқалатыным, ұжымның барлығы ол кісіні «Реке» дейтін. Сосын ол кісіден тайсалмай сыни пікірлерін де еркін білдіріп жататын. Ең бастысы, Рафиха Бекенқызы алғи сындарды қабақ шытпай, шынайы қабылдай білетін. «Сын айттың» деп ренжімейтін. Оқушылардың танымы мен білімге қызығушылығын арттыруға көп көңіл бөлетін.

«ASYK-PARTY» сайысы

«АСЫҚ ОЙЫНЫН ЖАНДАНДЫРУ КЕРЕК» дейді майталман спортшылар

Балалар жылы аясында Түрксіб ауданындағы №187 бөбекжай-балабақшада ұлттық асық ату ойынынан «ASYK-PARTY» сайысы өтті. Аталмыш іс-шараға танымал спорт шебері, Мұстафа Өзтүрік орталығының директоры Қайрат Қырғызбаев, Азия чемпионы, спорт шебері, аға жаттықтырушы Әлібек Сұлтанов қатысты.

Ұлттық құндылығымызды айшықтайтын інжу-маржанымыз – ұлттық ойындар екені сөзсіз. Осы ретте аталмыш балабақша ұлттық асық ойынын күнделікті оқу-тәрбие жұмысына қолданып, үлгі көрсетуде. Бұл күні балабақшаның ұлдары мен олардың әкелерінен құралған команда ұлттық ойын-

ның көрігін қыздырды. Әншейінде ұялы телефоннан бас алмайтын балақайлар асықты айналдыра да, шыра да атып, ойын қызығына берілді. Ойын барысында Қайрат Қырғызбаев шеберлік сыныбын өткізді.

– Біздің мақсатымыз – ұлттық ойын түрлері арқылы балалардың бойына әдептілік, ізеттілік, үлкенге құрмет пен кішіге қамқорлық сияқты қасиеттерді сіңірсек дейміз. Мектепке дейінгі мекемеде тәрбиеленіп жатқан бүлдіршіндердің негізгі іс-әрекеті ойын арқылы дамитыны сөзсіз, – дейді №187 бөбекжай-балабақша меңгерушісі Фарида Қызырханқызы.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Қайрат ҚЫРҒЫЗБАЕВ,
Мұстафа Өзтүрік орталығының директоры:

– Бала күнімізде асық ойнап, ләңгі теуіп өстік. Ойынымыз да, ойыншығымыз да таза табиғи болды. Біздің ләңгі деген ұлттық ойынымызды қытайлар мен тайландықтар өздеріне иемденіп алыпты. Көкпарды да, қымызды да алып қойды. Сол сияқты, асықты да біреу иемденіп кетпей тұрғанда балаларымызға үйретуіміз керек. Қазіргі балалар асықты атудың орнына тас сияқты лақтырады.

Сондықтан оның әртүрлі әдістерін үйрету керек. Менің бір байқағаным, асық ойынын әлі де жандандырып, жолға қою керек.

Әлібек СҰЛТАНОВ,
Азия чемпионы, спорт шебері,
аға жаттықтырушы:

– Асық ойындары – ұлттық ойындардың ішіндегі ең көнелерінің бірі. Баланың жүйкесін тыныштандырып, оларды дәлдікке, ұстамдылыққа, байсалдылыққа тәрбиелейді. Мұндай қасиет болмаса, адамда төзімділік, шыдамдылық та болмас еді. Ондай адам ойында да, өмірде де көздеген мақсатына жете бермейді.

Бұл ойынның еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін ойнайтын түрлері болған. Біз солардың ел есінде сақталған үлгілерін әлі де жандандыра түсуіміз керек.

ВИЗА

Тәртіп өзгермек

Биыл АҚШ-тың шетелдік студенттерге виза беру саясатында өзгерістер болмақ. Бұл туралы АҚШ мемлекеттік департаменті хабарлады.



Бірінші кезекте, визаны рәсімдеу құны қымбаттайды. Мемлекеттік департамент ұсынған жобаға сәйкес F, M және J санаттағы визаларды алуға тіркеу алымы 53%-ға өседі және 245 АҚШ долларын құрайды. Қазіргі құны – 160 АҚШ доллары.

Екінші кезекте, виза беруде студенттің Отанымен байланысын растауға қойылатын талаптар жеңілдейді. Бұрын елге бару мақсаты анықталып, Америкада қалып қою ойы бар-жоқтығы жіті тексерілетін. Өз еліндегі жұмыс тәжірибесі аз, жеке меншігі жоқ не некесі қиылмаған адамдарға жиі виза берілмейтін. Алдағы уақытта бұл талаптар сақталады, бірақ «өтініш берушінің қазіргі мақсаттарын» бағалауға басымдық беріледі. Мысалы, талапкердің «атанасына немесе қамқоршысына оралу» ниетіне назар аударады.

Виза алу үшін жеке әңгімелесуден уақытша бас тартылады. 2022 жылдың соңына дейін консулдықтар әңгімелесу өткізбейді. Алайда, АҚШ департаменті жаңа ереже барлық жерде бірдей қолданыла бермейтінін ескертеді. Елшіліктер мен консулдықтар жергілікті жағдайларға байланысты жеке әңгімелесуге келуді талап ете алады.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

КИНОКЕҢІСТІК

МАЙДАННАН КАДР

Жуырда «1941 жылдың жазы» атты кинокартина көрерменге жол тартады.



Фильм белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым, жазушы Әди Шәріповтің өмірі мен соғыс кезіне арналады. Ол 1941–1945 жылғы соғыста партизан болды. Қарапайым ғана ауыл баласы жастық шағының ең шуақты күндерін майданда өткізді. Қазақ халқының намысын, өр рухын көрсетті. Берілген әскери тапсырмаға ұқыптылықпен қарады. Сөйтіп, абыройға бөленді.

Осының барлығы кинолентада көрсетілген.

Түсірілім майдангердің өзі жүріп өткен Беларусь жерінде өтті. Биік қарағайлар мен ну орманның арасы, көз алдыңызға жаңбырлы, балшықты кездердегі фашистермен қиян-кескі ұрысты бейнелейді. Ал жалғасы Алматы облысында түсірілді.

Фильмнің режиссері – Бекболат Шекеров. Басты рөлдерді Азат Нұғманов, Шәріпбек Зәкіров, Әлихан Лепесбаев, Александр Брухашкий және Андрей Олеферинко сомдады. Тарихи кино еліміздің Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен жүзеге асты.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.

ЖАҢА КІТАП

«Ізгілік тамшысы» жарық көрді

Жамбыл атындағы жасөспірімдер кітапханасында журналист Назым Дүтбаеваның «Ізгілік тамшысы» атты тұңғыш жинағының тұсаукесері өтті.



Жаңа кітапқа шағын әңгімелер, мәдениет тақырыбына арналған мақалалар мен сұхбаттар енген. Кітап «Аспан» баспасынан ҚР еңбек сіңірген қайраткері, жазушы Сәуле Досжанова мен генерал-полковник, заңгер Сәт Тоқпақбаевтың демеушілігімен жарық көрді.

«Кітаптың аты да Назымның затына ұқсайды. Түсі де Назымның өзіне ұқсайды – жып-жылы. Іші де өзіне ұқсайды – жып-жинақы», – деп жазды әлеуметтік желідегі

парақшасында журналист Қарағөз Сімәділ.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.



«БИЗНЕСТІҢ ЖОЛ КАРТАСЫ – 2025»

ДАСТАРХАННЫҢ БЕРЕКЕСІ

Алматылық Аружамал қонақжай қазақы отбасында туып-өскен. Ес білгелі үйінен мейман арылған емес. Дастарханнан ыстық бауырсақпен бірге, тәтті тоқаштар, бәліштер үзілмейтін. Ол бала күнінен пешке пісетін барлық тағамға көз салып өсті. Оған отбасындағы тәтті иістер, жылылық қатты ұнайтын.



Сондықтан болар, экономикалық білімі мен беделді компаниядағы 17 жылдық есепші қызметіне де қарамастан, жұмысын тастап, жаны қалайтын, яғни кулиария кәсібімен айналысуды қолға алды. Аружамал бұл кәсіпті бала күнінен көргені, түйгені, істегені бойынша ғана емес, жоғары кәсіби деңгейде, ешкімді қайталамайтындай етіп жүзеге асыру мақсатында шетелдің кондитерлік өнімдерінің технологиясын меңгергісі келді.

Мен тәжірибеден өткен итальяндық мейрамханада 170 адамға арналған банкетке дайындалып жатқанбыз.

Симонетта деген әріптесім тоңазытқыштан қатпарлы қамырды ала салып, күліп-ойнап, әндегіп жүріп-ақ, гриссини (ұннан жасалатын нан таяқшалары) әзірлеуге кірісіп кетті. Маған осы бір қызықты сәттің ұнағаны сонша, дайындалу тәсіліне көз алмай қарап тұрдым. Сосын мен де пісіре бастадым.

Жалпы, жүрегіңіз қалаған іспен айналысқан жақсы ғой, менің таяқшаларым да өте дәмді болып шықты. Балаша қуандым. «Оңай әрі тез дайындалатын гриссини рецептің неге еліме апармасқа?! Осы бағытта кәсіп ашып, жұмысбасты қыз-келіншектердің асүйдегі жұмысын жеңілдетер едім.

Бұл – премиум өнім ғой! Мұндай тәттіден дәм татуға біз де лайықпыз» деп қанаттанып кеттім. Бизнес-идеям да дәл сол күні өмірге келді, – дейді ол.

Әрине, Аружамал Жылысбаеваның жеке кәсібін, яғни табиғи сары май қосылып иленіп, қатырылған қатпарлы қамыр өндіретін цехын ашуы үшін мемлекет тарапынан қолдау көрсетілді. Дәлірек айтсақ, «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы шеңберінде 5 млн теңге көлемінде инновациялық грант



– Мен Италияға баруды, итальяндық тағамдардың дайындалу әдістерін үйренуді көздедім. Тек табиғи өнімдерден әзірленген тағамдар ұсынатын асхана, мейрамхана ашуды армандадым. Осылайша алғашқы қадамымды Мәскеудегі бизнес мектебінен бастап, «Жобаларды басқару» факультетіне түстім. Бұл жер маған көкейімдегі барлық идеямды жүйелеп алуға және нақты іс-қимыл жоспарын жасауға көмектесті. Магистратурада оқып жүріп, итальян тілін де меңгере бастадым. Арманыма біртабан жақындағанымды сездім де, бір күні академиялық демалыс алып, Италияға жол тарттым. Ондағы екі мейрамханадан тәжірибеден өтіп, ақыры сол елдің кулиарлық тағамдарының дайындалу қыр-сырын меңгеріп алдым, – дейді Аружамал Жылысбаева.

Туған Алматысына «МВА» дипломымен орала салысымен, жеке кәсібін ашу үшін бизнес-жоспар жасауға кіріседі. Ол әуелі Qoldau кәсіпкерлік орталығы өкілдері тарапынан бизнесті қолдаудың мемлекеттік бағдарламалары бойынша жан-жақты кеңестер алды. Сосын «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы шеңберінде конкурсқа қатысуға өтінім береді. Аружамалға тың инновация ойлап табу қиынға соққан жоқ. Себебі, ол Қазақстан өндірісінде әлі де кең тарала қоймаған қамыр илеудің итальяндық рецептің қолға ала бастады.

– Осыдан 5 жыл бұрынғы оқиға әлі есімде. Әдеттегі жұмыс күні болатын.

жеңіп алды. Ол қаражатқа Аружамал қамырды итальяндық рецепт бойынша әзірлейтін және оның бойындағы барлық дәрумендік пайдалы қасиеттерін сақтап тұруға мүмкіндік беретін арнайы жабдық сатып алды. Бүгінгі таңда оның цехында ауысыммен 6 қызметкер жұмыс істейді. Ай сайын шамамен 2 тонна дайын өнім шығарылады. Негізі, айына 5-6 тоннаға дейін өндіруге қауқарлы.

– Қатпарлы қамырдан басқа, біз қант қосылған қамыр, самсаға арналған, етке салатын жайма қамыр дайындаймыз, сондай-ақ печенье, жаңғақтар, самса, пирог, тоқаштар, ватрушкалар, чизкейктер, торттар пісіреміз. Бәрі де химикаттар мен зиянды қоспалары жоқ табиғи өнімдерден әзірленеді.

Мен Қазақстанда да ұннан жасалатын барлық тағам дәл Италиядағыдай дәмді және бойға сіңімді болғанын қалаймын. Мен еліме халқымның денсаулығына пайдалы тағамдар шығарып үлес қоссам деймін, – дейді «тәтті» бизнеспен айналысатын кәсіпкер.

Аружамал мемлекет демеуімен қол жеткізген осы бір табысын ғана малданып отыра бермеді. Кейтеринг агенттігін ашып, райхан, розмарин, тимьян, шалфей өсіруде. Енді келешекте дәмі тіл үйіретін тағамдар дайындауға қажетті көкөністер мен көкжелектер өсіруге арналған жылыжай ашуды көздеп отыр. Табанды, еңбекқор замандасымыздың бұл мақсатқа да жететіні сөзсіз.

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК

Күтуші де жәрдемақы алады



Мүмкіндігі шектеулі адамды күтіп-баптау оңай шаруа емес. Осыны ескерген үкімет І топтағы мүгедек жанды қарап, бағып отырған адамға бүгінде жәрдемақы төлейтін болған.

Бұл еліміздегі мүгедек адамдардың құқығын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі Ұлттық жоспарын іске асыру шеңберінде атқарылып отыр. Бұрын күтім бойынша жәрдемақы тек І топтағы мүгедек балаларға тағайындалатын.

– Отбасында екі және одан да көп І топтағы мүгедек адам болған жағдайда олардың әрқайсысына күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақы төленеді. І топтағы мүгедекті бірнеше адам күткен жағдайда, күтушіге берілетін жәрдемақы осы адамдардың біріне тағайындалады. Мүмкіндігі шектеулі жан мен оны күтуші адам бір елдімекенде тұруы керек. Күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақының мөлшері бүгінгі күні 50 426 теңгені құрайды. Осы жәрдемақыны тағайындау үшін І топтағы мүгедек пен оған қарап отырған адам «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының бөлімшелеріне (тұрғылықты жері бойынша Халыққа қызмет көрсету орталығына) не электрондық үкіметтің веб-порталы арқылы немесе мүгедектің І тобы алғаш рет белгіленген кезде МӘС бөлімшесіне жүгіне алады. Ал іс-

әрекетке қабілетсіз, іс-әрекетке қабілеті шектеулі немесе қорғанышлыққа немесе қамқоршылыққа мұқтаж адамдарға жәрдемақы тағайындау үшін өтінішті және қажетті құжаттарды олардың заңды өкілдері береді, – дейді Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментіне қарасты №3 зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің бас маманы Мәди Нұрқабек.

Егер І топтағы мүгедек өзін күтуші адамды ауыстырғысы келсе, ол өзінің ғана өтініші негізінде жүргізіледі. Өтініш мемлекеттік корпорацияға ұсынылады.

– Алматы қаласы бойынша заңнамаға өзгерістер енгізілген сәттен бастап І топтағы мүгедекке күтім жасайтын 350-ге жуық адам аталған жәрдемақыны ала бастады. Алайда, талдау көрсеткендей, біздің қаламызда тұратын І топтағы 600-ден астам мүгедек (немесе олардың заңды өкілдері) әлі күнге дейін оларға күтім жасайтын адамдарға жәрдемақы тағайындау туралы өтініш білдірген жоқ. Күтушіге жәрдемақы І топтағы мүгедек өтініш берген күннен бастап тағайындалатынын айта кеткім келеді, – дейді М.Нұрқабек.

«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

Татулық маңызды

Алматы қаласы көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты өкілдері Бостандық ауданының Ардагерлер кеңесімен өзара іс-қимыл туралы «Дөңгелек үстел» өткізді.



Басқосуда ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңарту және жаңғырту жолы» атты Жолдауындағы тапсырмаларды орындау аясында қоғамдық қатынастардың тұрақтылығын сақтау мәселелері талқыланды. Тараптар көмелетке толмағандар, әсіресе жастар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, халықтың жасампаздық қызметі үшін дауларды татуластыру рәсімдерімен реттеу мәдениетін арттыру міндеттеріне назар аударды.

Жиында өзара әрекеттесудің негізгі формалары анықталды. Отырыс барысында Алматы қаласының көмелетке толмағандардың

істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының Бостандық ауданының ардагерлер кеңесімен бірігіп татуластыру рәсімдерін дамытуға, татуласу орталықтарын құруға және дауларды, жанжалдарды соттан тыс шешу практикасын арттыруға бағытталған бірлескен іс-шаралар өткізу жөніндегі өзара іс-қимылы туралы меморандумға қол қойылды. Іс-шараға аудан әкімі аппаратының қоғамдық медиаторы А.Гуров, Алматы қаласының көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьялары Г.Алмат, С.Болат, Т.Дүйсембекова қатысты.

ТӘРБИЕ

Жақсылыққа бір қадам

Алматы қаласы бойынша Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты ЛА-155/6 мекемесінде әзіл-қалжыңға құрылған карикатуралар байқауы ұйымдастырылды. Оған, әрине, жаны шығармашылыққа жакын, юморы да жоқ емес жеткіншектер қатысты.

Байқауға қатысушылар мен олардың жұмыстары әуелі жасақ бастықтарының өтінімі бойынша түзеу мекемесі бастығының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарымен бекітілді. Карикатуралық шығармалар бөйгесіне қатысқан жастардың шығармашылығына университет оқытушысы Алма Акажанова, Ардагерлер кеңесінің мүшесі Омаржан Тохтиев пен Урунбу Жаңабекова қазылық етті. Жобаға жазасын өтеп жатқан 10 жасөспірім қатысты. Олар «Қоянның қасқырға күлуі», «Қасқыр мен түлкі», «Жаңа жылдан кейінгі Аяз ата», «Екі бауырсақ», «Тісі

жоқ қыз», «Кештен кейін», «Аяғы қисық қыз», «Ботекс жасаған қыз», «Доллар ұшып барады», «Карантиндегі ковид» деген тақырыптарда салған қызықты суреттерін ұсынды.

Қазылар алқасы барлық қатысушыға да жоғары баға берді. Дегенмен, үздіктер ерекше аталды. Бірінші орынды Т.Шариев иеленді. Екінші орын Ә.Шәріпханұлына берілді. Ал үшінші орын Д.Пазылханұлына бұйырды. СӨПТЖБ бастығы әділет капитаны Шынар Ергазиева байқауға аса ықыласпен қатысқан жастарға алғыс айтты.

Түзеу мекемесінде жазасын өтеп жатқан жеткіншектерді қоғамға қайта бейімдеу, дұрыс жолға салу бағытында жүргізілетін осындай іс-шаралар жемісін берері сөзсіз.

Бетгі әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА.



МӘСЕЛЕ

ҚОҚЫСТЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТАЙЫҚ

Қоршаған ортаны аман сақтау – әрқайсымызға байланысты шаруа

Қазіргі таңда бүкіл әлем жұртшылығының назарындағы мәселе – қоқыс. Жапония, Сингапур, АҚШ сынды өркендеген елдер қоқыс өңдеудің жаңа экономикалық бағытын тапты. Осының нәтижесінде сұрыптап, қалдықты кәдеге жаратудың модернизациясын пайдалануда.



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Статистикаға сүйенсек, жылына орта есеппен үлкен қаланың әр тұрғыны 500 килограмм қоқыс шығарады, ал шағын қаланың әр тұрғыны 150–200 килограмм қоқыс төгетін көрінеді. Осы бағытта жүргізілген зерттеулердің қорытындысы бойынша, қағаз ыдырау үшін 5–10, полиэтиленге 250–500, шыныға 1000 жыл керек. Мәселен, біз күнделікті тұтынатын пакеттердің шіруіне 300 жыл уақыт қажет. Енді есептей беріңіз: біз айналасы бірнеше жылдан ғасырларға ұласқан ұзақ мерзімдерде қандай ауа жұтудамыз?! Көптеген экологтардың айтуына қарағанда, ол қалдықтардан бөлінетін улы заттар түрлі бактериологиялық аурулардың тууына себеп болады екен. Әсіресе, СПИД-тің таралуы, ауамен келетін ауру-сырқаулар, қоқыс төгілетін полигондар маңындағы елдімекендерге, артынан барша қала, мемлекет, әлемге зардабын тигізеді.

Өткен ХХ ғасырда барша дүниеде ғылыми-техникалық өрлеудің нәтижесінде технология дамып, зауыттар мен фабрикалар салына бастады. Ал өнеркәсіп орындары көбіне елдің экономикалық ахуалын дамытты, бірақ оның екінші тұсы да бар еді. Біртіндеп өндіріс орындары нулы-тоғайлы, өзен-көлдер маңайына салынды. Үлкен-үлкен фабрикалар кәсібін домалатып, қоршаған ортаның ластануын естен шығарды. Содан бері будақтаған түтін, керексіз сұйық қалдықтар биосфера қабатын лаптауда. Орман-тоғайлар оталып, өзен-көлдің сулары тартылып жатты. Сөзімізге тұздық, бір ғана мысал – Арал теңізі. Әлемдік ғалымдар Гималайдың басы-



нан Аралдан ұшқан тұздың қалдықтарын тапқан.

Демек, бұл – ғаламдық проблема. Жапония, Сингапур, Америка Құрама Штаттарында қоқысты кәсіп етіп, нәсіп тауып отырған кәсіп орындар бар. Қарапайым ағаштың жаңқасынан қалған қиымды арзанға сатып алып, одан түрлі шкаф, есік, тағы сол секілді тұрмыстық заттарды жасап, тұтынушыға екі үш есе бағасында нарыққа жөнелтеді. Ал оның сыртында шетелге экспорттау бар. Біздіңше, бүгінгінің ең өзекті мәселесі – азық-түлік қауіпсіздігінен кейінгі орындағы қоқыс проблемасы деп білеміз. Жаһан күн сайын өзгеріп жатыр. Сол үдерістен қалмау үшін әлем елдері өз экономикаларын әртараптандырып әлек. Біз де келешекте дамыған өркениетті мемлекеттердің көшінен қалмайық десек, таза қала, таза ауа, дені сау ұрпақ қалыптастыру үшін қоқысты кәдеге жаратайық.

Қалдықты өңдеудің өз этикасы бар

Олай дейтініміздің жөні бар. Мәселен, дамыған елдерде қоқысты тастаудың да әдебі

және өзіндік этикасы қалыптасқан. Енді осы тақырыпты тереңірек тарқатып айталық. Америка, Жапония, Оңтүстік Корея сынды экономикасы қарыштап дамыған мемлекеттер қалдықты кәдеге жаратуға тырысады. Оны өңдеп, түрлі бұйымдар жасайды. Былай қарағанда нағыз табыс көзіне айналдырған.

Енді рет-ретімен баяндайық. Ол жерлерде арнайы орындар қарастырылған. Соған барып, белгіленген жеріне тастайды. Дәлірек айтқанда, сұрыптау әдісін қолданады. Мұнда полиэтилен, пакет, бөтелке, шыны ыдыс, т.б. бөліп, әрқайсысын бөлектеп қояды. Міне, содан кейін сұрыптап, оны зауыт пен фабрикаларда қайта өңдеу жеңіл болмақ. Осылайша қоршаған ортаға өз үлесіңізді қоса аласыз.

Өзекті мәселе хәм тазалық

Қоршаған ортаны аман сақтау – тікелей әрқайсымызға байланысты шаруа. Оған қамқорлық таныту – заман талабы. Пакеттер мен пластиктердің шіруін күтпеген жөн. Арнайы қоқыс салатын жәшік көрсеніз, оны мейлінше сұрыптап тастаған дұрыс. Мұндай баста-

ма әрқайсымыздың азаматтық қоғамға қарай жылжуымыздың тікелей көрінісі болар еді.

Еліміздегі қоқыс өңдеу индустриясы

Соңғы жылдары қоқыстан да пайда бар екенін кәсіпкерлер қауымы түсіне бастады. Күнделікті өмірде аса мән бере бермейтін, тек жай шаруаға балайтын дүние ертең өзекті болуы мүмкін. Әлемнің үздік өнертапқыштары үлкен құрылғылар, аппараттар арқылы қалдықты өңдеуге кірісіп кеткеніне де біраз уақыт болды. Қазақстанда қоқыстың қоры өңдеуге толықтай жетерлік деп айта аламыз. Өйткені, бұған дейін ондай зауыттар ел аумағында болмаған. Тәуелсіздік жылдары нарықтық экономикалық жағдайда ғұмыр кешудеміз. Осыған орай шетелдің озық тәжірибесі бізге де жетті. Осыған дейін Нұр-Сұлтан, Шымкент, Алматы мегаполистерінде арнайы қоқыс өңдейтін зауыттар ашылғанын білеміз. Бұл жыл санап өз нәтижесін беруде. Яғни, бұрын аяқ алып жүру мүмкін болмаған полигондар енді қайта өңдеу аймақтарына ауысуда. Қалдықты өңдеп, одан күнделікті пайдаға асатын нәрселер жасалуда. Тіпті, шетелде аяқкімнен бастап, базардан қайтқанда тұтынатын қол пакеттеріне дейін шығарады. Бұл дегеніміз, ғылым мен технологияның жетілгендігін білдіреді.

Қоқысты өңдеу экономиканы дамытумен тең

Сарапшылардың пікірінше, дамыған мемлекеттер экономикасының қарқынды дамуына бірден-бір себепші фактор – қалдықты өңдеу болып табылады. Мамандар алдағы 10–15 жылда қалдықты өңдеу 4 есеге дейін артып, қыруар қаржы түсіретін қаржылық драйверге айналуы ғажап еместігін айтуда. Бүгіннің өзінде бұл саланың нәтижелі көрсеткіші бойынша АҚШ, Германия, Жапония, Сингапур сынды, т.б. елдер алдыңғы қатарда келе жатыр. Олар өңделген қоқыстан киім тігеді, көліктер мен қатынас құралдарына орындық жасайды. Осылайша өз елдерінің экономикасын өркендеті береді. Соңғы жылдары республикамыздағы қолға алынып жатқан істердің арқасында бізде де қоқысты өңдеу жолға қойылып келеді.

Қоқысты экономикаға айналдыру – бүгінгі күннің кезек күттірмейтін талабы.

ЖЕР-ЖАҒАН

Шөлде жатқан бала кім?



Қытай жерінде орналасқан Гоби шөлінде алып бала «ұйықтап» жатыр.

Бұл – «Жердің ұлы» мүсіні деп аталады екен. Шынайы балаға қатты ұқсайтын мүсіннің ұзындығы – 9 метр, биіктігі – 4 метр. Осындай алып баланы жасаушылардың ойы «біз бәріміз жердің баласымыз, сондықтан Жер-Анаға әрдайым ризашылығымызды білдіріп отыруымыз керек»-ке саяды. Сондай-ақ, сол арқылы табиғатты аялауға шақырып отыр.

Алып баланы тәтті ұйқысынан оятып алмай жасап шығу процесі оңайға соқпаған. Өйткені, мүсін өте үлкен. Оны жасау үшін 3D технологиясы қолданылған. Жергілікті билік мүсінді кедергісіз тасымалдау, құрылыс жұмыстарын ойдағыдай қамтамасыз ету үшін жақын жерге жол салған. Сөйтіп, тәтті ұйқыдағы сәби Гоби шөліне аз уақыт ішінде-ақ сан мыңдаған туристі тартып үлгерді. Қазір бала жатқан маң туризм аймағына айналып кетті.



Үмітінді үзбегін

Ғалымдар жасаған мына бір тәжірибеге назар аударыңызшы.

Олар тышқанды су толтырылған ыдысқа салып, өмірі үшін қанша минут жүзе алатынын есептемекші болады. Сөйтсе, әлгі тышқан 16 минут қана жүзіп, суға батып кеткен. Дерек судан шығарып алып, 10 минут демалдырып, суы бар ыдысқа қайта салады. Бұл жолы 60 сағат жүзіп барып батқан. Өзге тышқандарға жасалған тәжірибелердің нәтижелері де осындай болған. Яғни тышқан өмірі үшін екінші жолы алғашқысына қарағанда 225 есе артық уақыт күрескен. Ғалымдардың түйіндегені: судағы тышқан бірінші жолы физикалық мүмкіндігін ғана пайдаланып күрескен.

Ал екіншісінде «Әлгінде сәл шыдағанымда мені шығарып алады екен, ертерек батып кетіпмін. Тағы сәл шыдасам мені шығарып алады» деген үмітпен 60 сағат бойы күрескен. Сонда тышқан тәжірибесінен шығатын қорытынды: адамзатты алға сүйреуші күш – үміт. Үмітсіз адам өзінің тек физикалық мүмкіндігіне ғана тәуелді. Ал әрдайым үмітін үкілеп жүретін жандар мақсатына міндетті түрде жетеді деген сөз.

100 түрлі дыбыс шығарады



Тышқанның ата жауы – мысыққа да артықшылықтар көп.

Мәселен, мысықтардың жүрегі біздікімен, яғни адамдармен салыстырғанда екі есе жылдам соғады. Олар дірілге өте сезімтал. Адамға қарағанда жер сілкінісін 10–15 минут бұрын сезеді. Мысықтың денесінде 230 сүйек бар, ал бізде 206 сүйек. Әлемде ең бай мысық та бар. Аты – Блэки. Оған қожайыны Бен Ри 15 миллион фунт стерлинг мұра қалдырып кеткен көрінеді. Ал Дасти есімді мысық ұрпақ саны бойынша рекорд орнатып кітапқа енген. Ол өз өмірінде 420 марғау туған.

Гиннестің рекордтар кітабына енген ең ауыр мысықтың аты – Nimmy. Ол Австралияның Квинсленд штатынан. 21 келі салмақпен рекордтар кітабына енген мысық 10 жыл өмір сүрген. Мысықтар әдетте, 20 жылға дейін өмір сүреді, бұл көрсеткіш адамдарда 96 жасқа тең. Шотландияда Таузер атты мысықтың құрметіне орнатылған ескерткіш мұнара бар. Ол өз өмірінде шамамен 30 мың тышқан аулаған. Мысықтардың иттерден айырмашылығы, олар тәттіге құмартпайды. Ұрғашылары әдетте жерді оң табанымен қазса, еркек мысықтар сол табанымен қазады. Мысықтар шамамен 100 түрлі дыбыс шығарады. Ал иттер тек 10 түрлі дыбыс шығара алады.

Ежелгі Египетте үй мысығы өлген кезде отбасы мүшелері қастарын қырып, оны жоқтап, қайғырған. Олар сондай-ақ, мысық өлген кезде шарап ішіп, кеуделерін ұрып, жерлеу рәсімін өткізген.

Әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.



TELEGRAM

Қазақстан халық-аралық IELTS емтиханындағы жалпы балл бойынша Оңтүстік Корея, Қытай, Жапония және Өзбекстаннан алда тұр. Қазақстан соңғы үш жылда халықаралық TOEFL-дан iBT емтиханының қорытындысы бойынша Орталық Азия елдері арасында үздік атанды.

Досбол
АТАЖАН

Бұл мәліметпен Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов Telegram желісінде бөлісті:

«Қазақстан соңғы үш жылда халықаралық TOEFL iBT емтиханының нәтижелері бойынша оң динамика көрсетіп жүр: 2018 жылы – 82 балл, 2019 жылы – 85 балл, 2020 жылы – 120 балдан 86 балл. Орталық Азия елдері арасында – бұл ең жоғары көрсеткіш. CEFR Жалпыеу-



ропалық жүйесіндегі ағылшын тілін меңгеру деңгейлеріне сәйкес, бұл көрсеткіштер ағылшын тілін білудің шекті немесе орташа деңгейіне (B1) сәйкес келеді. Яғни бұл тұрмыстық жағдайларда тілдесу мүмкіндігін немесе та- ныс тақырыптар бойынша әңгімелесуге болатынын

білдіреді. Тілдік дағдылар бөлінісінде қазақстандықтар тыңдау және сөйлеу бойынша орташа есеппен әрбір бөлімдегі 30 ең жоғары балдан 22 балл, оқу және жазу бойынша 21 балл жинайды.

Қазақстандықтардың халықаралық IELTS емтиханындағы нәтижелері ерекше қызығушылық тудырады. 2019 жылы азаматтардың ағылшын тілін меңгеру деңгейінің орташа балы ең жоғары 9-дың 6,1 балын құрады, бұл білікті пайдаланушы деңгейіне сәйкес келеді. Бұл қазақстандық үміткерлердің кейбір нақтыланбаған ақпаратқа қарамастан, тілді жақсы меңгергенін білдіреді. Олар күрделі тілді, әсіресе таныс жағдайларда қолданып, түсіне алады. Тілдік дағдылардың түрлері бойынша қазақстандықтар оқу және тыңдау бойынша айтарлықтай жоғары нәтиже (6,3 балдан), ал сөйлеу (6,0) мен жазу (5,6 ұпай) бойынша біршама төмен нәтиже көрсетіп отыр. Кейбіреулер таңданатын шығар, бірақ олар IELTS халықаралық емтиханындағы жалпы балл бойынша Қазақстанның Корея (6,0), Қытай (5,8), Жапония (5,8), Өзбекстан (5,7) және тағы басқа көптеген елден озып кеткеніне қызыға қарайтын болады.

Бірақ IELTS және TOEFL елдер бойынша ресми рейтинг жасамайтынын есте ұстаған жөн».

ӨЗГЕ ТІЛДІҢ БӘРІН БІЛ, ӨЗ ТІЛІңДІ ҚҰРМЕТТЕ!

Тиімді қолдансаңыз, ұтасыз!

XXI ғасырда адам баласына берілген мүмкіндік көп. Егер тиімді қолдансаңыз, ұтасыз. Қаласаңыз, көптеген тілдерді меңгеріп, дүниені кезіп, ойлағаныңызды әп-сәтте іске асыра аласыз. Бүгінгі жастар мүлдем бөлек. Әр қадамының тиімділікке бастауын ойластырады. Онысы жөн.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Әбу Насыр Әл-Фараби бабамыз заманында 70 тілді емін-еркін меңгерген деседі. Халқымызда «бір тіл білсең – бір адамсың, екі тіл білсең – екі адамсың» деген сөз бар. Тегі, дөп айтылған. Расында, қазіргі таңда көп тіл меңгерген адамдар сұранысқа ие болуда. Олар әлемді кезеді. Бір жағынан, теориялық тұрғыда алған білімдерін тәжірибелік мақсатта жетілдіреді. Осылайша бір оқпен екі қоян атады. Бұл да болса заманның адам баласына берген мүмкіндігі іспетті.



Тіл меңгергеніңіз өзіңізге жақсы

Бүгінгі таңда көп тілді игеріп, нәпақасын тауып жүргендер қатары артқан. Ғалымдар полиглот болуға қызығуды жөн көреді. Неге десеміз, тіл біліп, оны жақсы меңгергеніңіз өзіңізге жақсы. Дейтұрғанмен, оны кәдеге

жарату нұр үстіне, нұр болар еді. Бір жағынан, уақыттың талабы осы. Екінші бір қырынан алғанда, адамның ойлау қабілетін арттыратын көрінеді. Себебі, сіз ойланған кезде ми құрылысының қатпары қозғалатын көрінеді. Соның нәтижесінде сергектік пен жылдам ойлану сынды дағдылар қалыптаспақ. Егер де осының бәрін өз ретімен, жөн-жоралғысымен пайдалана алсаңыз, бұл үлкен жетістіктерге жетудің баспалдағы болмақ.


Кәсіп көзіне айналдыру

Дүние жүзінде тіл үйреніп, оны кәсіпке айналдырғандар көп. Кирилл Стасевич «Шет тілін білу кез келген жаста зерек ойлауға пайдасын тигізеді» дейді. Сөзінің жаны бар. Мәселен, сырт жаққа барсаңыз, міндетті түрде сол мемлекеттің тілін игеруіңіз шарт. Өйтпесеңіз, аш қаласыз. Тіпті, нан сұрап жей алмауыңыз мүмкін. Себебі, қажеттілік солай. Мысалы, АҚШ-қа бардыңыз. Сонда жұмыс жасағыңыз келді. Ағылшын тілін білу – шарт. Онсыз қимылдай алмайсыз. Қимылдамақ түгілі, су сатып алу мұң болмақ. Егер де аз-аздап болсын білсеңіз, әрмен қарата дамыту жеңілдей түспек. Сол себепті де, біртіндеп үйренген абзал.

Кәсіптің көзіне айналдыру дегеніміздің бір сыры осында жатыр. Ол өз еліңізде жүрсеңіз де пайда әкеледі. Біртіндеп, өзіңіз білетін ағылшын, француз, түрік тілдерінен дәріс өткізуіңізге болады. Қазір осылай репетитор болатындар саны артуда. Себебі, олар осының кілтін тапты. Тіл игерді, одан қаражат табудың жолын білді. Сөйтіп, өз-өзін асырауға кірісті. Бұл да болса заманның талабы.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Алматы – мүмкіндіктер қаласы



Шыңғыс АЗАТ,
Халықаралық қатынастар магистранты:

Алматы – мүмкіндіктер қаласы. Мұнда түрлі жетістікке талпынуға болады. Өз басым бакалаврда «Екі шет тілі» мамандығын тәмамдадым. Қазір осы мамандықтың магистратурасында оқып жүрмін. Осы қаланың тумасымын. Жастайымнан тілді меңгеруге ынталы едім. Кішкентай бала күнімізде теледидардан субтитрді оқып, түрікше, корейше үйрене

бастадым.

Дәлірек айтқанда, сөз жаттадым. Неге екенін білмеймін, жекелеген сөздер есімде жиі қала бастады. Мектепте жүргенімде шет тілдеріне бейімдігім байқалды. Әсіресе, ағылшынша үйрену маған аса қиынға соқпады. Өйткені, сөздік қорымыз болды. Бір жағынан, ұстаздарымыздың еңбегі зор деп білемін. Бізге сөзді түсініп, жаттауды үйретті. Нәтижесінде біртіндеп тіл сындыра бастадым. Ал орышаның жөні белгілі. Қалада өскеннен кейін сөйлесу арқылы дамытып алдық. Айналамыздағы балалардың көпшілігі орыс тіліне басымдық беретін, сондықтан тез жаттығып өстік. Ол жағын қала баласы түсінеді. Өз ана тілімізді жетілдіріп, құнары мен нәрін сезінуге ауылдағы ата-әжем себепші болды. Оларға жазғы демалыста баратын едім.

Міне, осылайша 5-6 тілді игердім. Сөйтіп жүріп, ата-анама салмақ салмас үшін студент кезімде қонақүйлерде даяшы, ресепшн, швейцар ретінде істедім. Сол уақыт маған үлкен тәжірибе болды. Сырттан келген қонақтар ағылшынша сөйлейді, мен де білгенімді іске қостым. Бәлкім, арасында қате де сөйлеген шығармын. Бірақ шетелдіктер күлмейтін. Қайта демеп, қолдап-қуаттап қоятын. Алда PhD докторанураға түсіп, әлемді аралау ойда тұр. Түбінде бар жиған-тергенімізді еліміздің мүддесіне жұмсап, пайда тигізуді көздейміз.

Тіл білсеңіз, сізге көп жердің есігі ашылады



Нұрғиса ИМАНҒАЛИҰЛЫ,
педагогика ғылымының магистрі:

Тіл білсеңіз озасыз. Осыны әкем жиі айтушы еді. Ол кісі бала күнінде шет тілдеріне құмартыпты. Бірақ өмір ағынымен басқа салаға бет бұрған екен. Десе де, ол кісілер Кеңес дәуірінің адамдары ғой. Сол себепті, орысшаға жеттік. Мен де әке аманатын орындауға кірістім. Дегенмен, сәл кештеу бастадым. 10-11-сыныпта бір пәнді нақты таңдауым қажет болды. Баяғы әкемнің ақылы ойға оралды. Өзім де бұл саладан алшақ емес едім. Ағылшын тілін таңдап, 1,5 жылдай дайындалдым. Көбісі кештеу деп, күмәнданды.

Десе де, университетке түрік тілі мен ағылшын мамандығына түстім. Біртіндеп аударма жасай бастадым. Алматыда кәсіппен айналысам деген адам көзін табары сөзсіз. Бұған өзімнің де көзім жетті. Біртіндеп тапсырыстар келе бастады. Қысқа-қысқа дүниелерді қатарластарыма тәржімалап беріп жүрдім. Бір жағынан, ізденесіз, әр сөздің қандай мағына беретініне зер саласыз. Мұның өзі – үлкен жетістік.

Менің бір хоббиім – корейше тарихи фильмдер көру. Ешқандай курстарға қатыспай, аз-маз корейшеге жаттықтық. Ауылда кәрістермен көрші тұрдық. Олардан да азды-кемді сөздерді жадыма тоқыдым. Бүгінде ептеп сөйлеймін, түсінемін. Арасында қытайша үйрендім. Иероглифтерді жаттау оңай емес екен. Мүлде басқа тіл тобы. Қытайдан келген қандасымыз әрі досымнан біршама үйрендім. Ол арғы жақта тек қытайша оқыған көрінеді. Оның қытайшасы судай. Соның арқасында сөйлесу, кісімен тілдесу дәрежесіне жеттім. Қазір мұғалім қызметін атқарамын. Оқып жүрген кезімде Түркия мен Оңтүстік Кореяда болып келдім. Егер тіл білсеңіз, сізге көп жердің есігі ашылады.

P.S. Бұрынғы заман келмесе кетіп, жаңа әлемнің есігін ашып жатқандаймыз. Жастарымыз қиыннан қиыстырып, түркі халқының тіл тобына жатпайтын, қытай, жапон, неміс тілін үйренуде. Зер салсаңыз, үшеуі үш түрлі. Бір-біріне ұқсамайды. Соған қарап, адамзаттың бүгінгі қоғамға деген ойы өзгергендігін байқаймыз. Бәлкім, мұны адам баласы заманның ығын білгендігі деп түсінсек, артық болмас. Тіл үйреніп, оны кәдеге жаратқандар бәрінен озғандар десек, қателеспейміз.



АЛМАТЫ КӨШЕЛЕРІ

КӨШЕ АТЫ КІМГЕ БЕРІЛГЕН?

Газеттің алдыңғы нөмірлерінде Алматы көшелерінің аты көпшілік біле бермейтін қандай тұлғаларға берілгенін жазған болатынбыз. Осы айдарды жалғастыра отырып, есімі шаһар көшелерін иеленген қайраткерлердің екінші легін оқырман назарына ұсынамыз.

Бекен ЖАМАҚАЕВ

Бекен (Бекенғали) Жұмабекұлы Жамақаев – «қазақ вальстерінің королі» атанған қазақ композиторы, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері. 1931 жылы 17 наурызда Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Қарауыл ауылында дүниеге келген. Бекен Жамақаевтың ең танымал шығармасы – ақын Нұтфолла Шәкеновтің сөзіне жазылған «Махаббат вальсі» әні. Вальс композитордың жары Майнұр Нұрғазықызына арналған. Бірде жас композитор Мұхтар Әуезовтің үйінде қонақта болып, «Махаббат вальсі» әнін орындайды.

Ән жазушыға қатты ұнап, кездесуден кейін жазушы жас композиторды «қазақ вальстерінің королі» деп атап кетеді. Атақты вальсті алғаш рет КСРО Халық әртісі және Қазақстанның Халық қаһарманы Роза Бағланова орындаған. 50-жылдардың соңында атақты әнші Брюссельде өткен дүниежүзілік көрмеде «Махаббат вальсі» әнін орындап, алғашқы аккордтардан-ақ еуропалық көрермендерді бағындырады. Бұл туындыны тыңдау үшін Бельгия патшайымы Бавария Елизавета театрға арнайы келіп, өз таңданысын білдірген.



Медеу ауданындағы әл-Фараби даңғылымен қиылысатын бұрынғы «60 лет Комсомола» көшесіне бүгінде композитордың есімі берілген.



Гавриил МИТИН

Гавриил Степанович Митин (1908–1941) – аға сержант, Батыс майдандағы 316-шы атқыштар дивизиясының 1075-ші атқыштар полкінің 2-ші батальонының 4-ші ротасының бөлімше командирі, Кеңес Одағының Батыры, «Ленин» орденімен марапатталған.

1908 жылы Устьянка ауылында (Алтай өлкесінің қазіргі Локтев ауданы) жұмысшы-ұста отбасында дүниеге келген. Гальцовка кентінде (Алтай өлкесінің қазіргі Змеиногорский ауданы), кейін ұзақ уақыт Алматы қаласында тұрған. 1941 жылы маусымда әскери қызметке шақырылып, 16 қарашада Мәскеу облысы, Волоколамск ауданы, Дубосеково разъезінде танк жойғыш топтың құрамында соғысып, фашистік 18 танкіні жоюға қатысады. Бұл шайқас 28 панфиловшы батырлығы ретінде тарихқа

енді. Гавриил Митин ерлікпен қаза тапты.

Достық көшесімен қиылысатын ҚР ҰҚК Шекара қызметінің академиясына қарама-қарсы желекжолға Митин аты қойылған.



Иштван ҚОҢЫР

Иштван Конгур (Қоңыр) Мандоки (10 ақпан 1944, Карцаг, Венгрия – 22 тамыз 1992, Алматыда жерленген) – венгр ғалымы, түркітанушы, филология ғылымының докторы, профессор.

Туған кездегі тегі мен аты – Мандоки Иштван, ересек кезінде ол отбасының алғашқы фамилиясы Қоңыр атын қайтып алған. Бала кезінде қазақ тілін кеңестік қазақ солдаттынан үйренген.

Еуропалық қыпшақтану бағытының негізін салушы. Қыпшақ-түркі филоло-


гиясы, мадьярлардың ежелгі тарихы, Кунның этнографиясы мен этникалық тарихы (Венгрия қыпшақтары) туралы венгр, неміс, француз, қазақ және т.б. тілдерде қырықтан астам ғылыми мақалалар жариялаған. Түркітілдес халықтардың фольклоры мен әдебиетін венгр тіліне аударған. Оның ішінде Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» кітабы да бар.

Бұрынғы «Красных партизан» көшесінің аты ауыстырылып, бүгінгі күні түркітанушының құрметіне қойылған.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЫ

Алматы Мемлекеттік қуыршақ театры отбасылық құндылықтарды нығайту, балаларға қуанышқа толы сәттер сыйлау мақсатында қызықты спектакльдер көрсетілімі мен тұрақты мәдени-танымдық іс-шаралар ұйымдастырып келеді.



БАРШАМЫЗҒА ОРТАҚ МІНДЕТ

Бәрі – бүлдіршіндердің бақытты болашағы үшін



Ұлттық қуыршақ өнерін жаңғырта түсу арқылы бүлдіршіндердің дәстүрлі өнерге, мәдени тарихымызды білуге деген қызығушылығын тудыру бағытында жаңа спектакльдер дайындалу үстінде. Қуыршақ театры мемлекеттік мерекелер қарсаңында көрермендер назарына тегін мастер-класстар, мерекелік эфирлер, ойын-сауықтық айдарлар мен танымдық бейнежазбалар ұсынулы қолға алған.

Сонымен қатар, жыл сайын Балаларды қорғау күні мерекесі аясында мерекелік бағдарлама мен әлеуметтік жағдайы төмен, мүмкіндігі шектеулі балаларға қайырымдылық акциясын ұйымдастыру дәстүрге айналған.

Театр ұжымы тек балаларға арналған спектакльдер емес, ересектерге арналған қойылымдар сахналауымен де қазақ қуыршақ өнерін әлемдік кеңістікте кеңінен насихаттап келеді. Театр әр жылдары көптеген фестивальдерге қатысып, жүлделі орындарға ие болып, қазақ қуыршақ өнерінің дамуына үздіксіз үлес қосуда. Биыл да бірнеше республикалық және халықаралық театр фестивальдеріне шақырту алды.

Атап айтқанда, Түркияның Конья қаласында өтетін «Мың тыныс, бір дауыс» XIII Халықаралық театр фестивалі, Молдова Республикасы Кишинев қаласындағы «Под шапкой Гугуц» қуыршақ театрларының фестивалі, Ресей Федерациясы, Новосибирск қаласында өтетін «Перекресток» қуыршақ театрларының фестиваліне және Ақтөбе қаласында өтетін V «BALAUSA» экспериментальді спектакльдер фестиваліне театр ұжымы шақырту алды.

Түрлі театр фестивальдерінен бөлек, репертуарға қосылатын әрбір жаңа спектакль де көрермендеріміздің қатарын арттырып, қуыршақ өнерін кеңінен насихаттауға бағытталуда. 20 жылдан аса көрермендердің сүйікті қойылымына айналып, үздіксіз сахналанып жүрген «тұрақты қойылымдар көрсетілімі» осы сөзімізге дәлел. Одан бөлек, театрдың төлқұжатына айналған «Қуыршақ-думан», «Тоба» қойылымдары балалардың өз отбасы мен Отанын сүйюіне ықпал етеді. Отбасы институтын нығайтуға және отбасы құндылықтарын жас ұрпақтың бойына сіңіруге бағытталған қойылымдар көрсетілімі көрермендер назарына үздіксіз ұсынылып келеді.

Өткен ғасырда іргетасы қаланған Алматы Мемлекеттік қуыршақ театры бүгінге дейін қуыршақ өнерінің жүйесін меңгеріп, тарихи кезеңдерді басынан өткерді. Сол құндылықтарды көзіміздің қарашығындай сақтап, ұрпақ игілігі үшін білікті жұмыс істеу – парызымыз. Көрермендердің сұранысын қанағаттандыра отырып, әлеуметтік парақшалар арқылы да театрға көрермендерді қызықтыру жұмыстарын жүргізіп келеміз. Желідегі жарнамалар арқылы балаларды шексіз ақпарат әлемінен пайдалы дүниелерге қызықтыру – мақсатымыз. Сонымен қатар, білім мекемелерімен, балабақшалармен жұмыс істеп келеміз. Ертең ел туын желбіретер бүлдіршіндердің бақытты болашағы үшін еңбектену – баршамызға ортақ міндет. Ел ертеңіне қамқор болайық!

Алмат АБДРАХМАНОВ,
Мемлекеттік қуыршақ театры
директорының міндетін атқарушы.

КИНО

«ҰЛЫ ДАЛА ТАҢЫ» фильмі көрерменге жол тартпақ

Қасым хан туралы кинотуынды 12 мамырдан бастап еліміздің барлық кинотеатрларынан көрсетіледі. «Қазақфильм» кинокомпаниясы туындының постерін жариялады.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

«Тұсаукесер! Ақан Сатаевтың «Ұлы дала таңы» атты жаңа фильмінің ресми постері. Еліміздің тарихындағы елеулі тұлғалардың бірі – Қасым хан туралы көлемді туынды. Аты аңызға айналған билеуші XV–XVI ғасырлар тоғысындағы қазақ халқының азаттық пен тәуелсіздік үшін күресінің символдарының біріне айналды. Дәл осы уақыт Қасым ханның арқасында қазақтың мемлекеттігі мен ұлы



даланың өркендеген кезеңі саналады», – деп жазды компания.

«Қазақфильм» тарихи туындының ресми трейлерін жақында ұсынатынын хабарлады. Қасым ханның образын белгілі актер Берік Айтжанов сомдаған.

ДҮЙСЕНБІ
11 СӘУІР

Almaty™ АЛМАТЫ

06.00 Алматы кеші
07.00 Әсем әуен
08.00 Таңғы студия
10.00 Мультфильм
12.00 Үздік әзілдер
12.30 Женский кино клуб
13.30 Телехикая. «Гюмюш» 54 серия
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Мультфильм
16.10 Телесериал.
18.10 Әсем әуен
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Ораза уағыз
20.10 Басты назарда (тікелей эфир)
20.45 Телехикая. «Гюмюш» 55 серия
22.15 Телехикая. «Махаббат, қызық мол жылдар» 1 серия
23.15 Телесериал.
0.15 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
1.15 Сәуле-ғұмыр
2.15 Өмір иірімі
2.55 Дала сазы
3.25 Алматинские истории
3.50 Алматинские каникулы
4.20 Алматы – тұнған тарих
4.40 Алматы кеші
5.55 Әнұран

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Әнұран
6.05 «Жәдігер»
6.25 «Másele». Әлеуметтік-сараптамалық бағдарлама.
7.00 «TANSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
10.00 AQPAPAT
10.10 «Гүлдер құпиясы». Телехикая.
12.00 «Ауыл мұғалімі». Телехикая.
13.00 AQPAPAT
13.10 «Қызық екен...»
13.50 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». Тікелей эфир
15.00 AQPAPAT
15.15 «Apta». Сараптамалық бағдарлама.
16.10 «Қаныш. Қазына». Телехикая.
17.00 AQPAPAT
17.15 «Қызық екен...»
18.00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ». Телехикая.
20.00 AQPAPAT
20.35 «ASHYQ ALAŃ». Қоғамдық-саяси ток-шоу. Тікелей эфир.
21.30 «АУЫЛ МҰҒАЛІМІ». Телехикая.
22.30 «ЖАТ МЕКЕН». Телехикая. (с субтитрами)
23.30 ТҰСАУКЕСЕР! «1001 ТҮН». Қоғамдық бағдарлама. Тікелей эфир
0.35 AQPAPAT
1.10 «Ashyq alaŃ». Қоғамдық-саяси ток-шоу.
2.00 «Жәдігер»
2.20 Әнұран

ХАБАР

5.00 ҚР Әнұраны
5.00 Discovery. Сквозь червоточину с Морганом Фрименом
7.00 Тікелей эфирде «Таңғы хабар»
10.00 Мегахит.
12.00 Телехикая. «Бәсеке 2»
13.00 Телехикая. «Бөлелер»
15.00 «Бүгін». Тікелей эфир

16.00 Discovery. Сквозь червоточину с Морганом Фрименом
18.00 Мегахит.
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 Тұсаукесер! Тікелей эфирде «Негізінде»
20.35 «Народный контроль»
7.05 «ЗВЕЗДНАЯ РАЗМИНКА». Кенесары Кененбаев, Томирис Кененбаева
7.15 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа Лигасы. «Барселона» (Испания) – «Айнтрахт» (Германия)
9.05 «ГАРМОНИЯ ТЕЛА». 13-программа
9.15 «Боксшы әйел». Деректі фильм
9.55 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық Лига. Плей-офф. Тікелей эфир
11.55 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
12.25 «СҰХБАТ». Юрий Польшский
13.00 ФУТБОЛ. «Доп дода». Тікелей эфир
13.40 «Сыр еліндегі балуандар бәсекесі». Арнайы репортаж

14.00 ТЕННИС. Кубок Билли Джин Кинг. Казахстан – Германия. Тікелей эфир
19.35 ТЕННИС. Студийная программа. Прямой эфир
19.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Чемпионаты. «Тобыл» – «Қайрат». Тікелей эфир
22.00 Арнайы репортаж
22.25 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа Лигасының шолуы
23.20 «Үміт полюсі». Деректі фильм
0.15 Әнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7.05 «Түрлі текшелер» Мультхикая.
7.15 «Смайликтер» Мультхикая.
7.45 «Клео мен Кукин» Мультхикая.
8.10 «Айдаһар Дигби» Мультхикая.
8.35 Анимация. Отандық / «Кім болғың келеді?»
8.50 Анимация. Отандық / «Алпамыс»
9.15 «Ботақаным» ойын-сауықтық бағдарламасы
9.45 «Хайди» Мультхикая.
10.35 «Балапан жұлдыз» музыкалық бағдарламасы
10.50 Анимация. Отандық / «Мақта қыз бен мысық»
11.00 «Горм сақшылары» Мультхикая.
11.30 «Питер Пэн» Мультхикая.
12.15 «Зак дауыл» Мультхикая.
12.45 «Мисс Кәусар» танымдық жобасы
13.00 Анимация. Отандық / «Ер Тарғын»
13.15 Анимация. Отандық / «Сәби»
14.20 Анимация. Отандық / «Жасыл ел»
14.35 Анимация. Отандық / «Айдар»
15.15 Анимация. Отандық / «Күлкі іздеген Күнекей»
15.40 «Үйрен де жирен!» танымдық бағдарламасы
16.05 «Клео мен Кукин» Мультхикая.
16.30 «Айдаһар Дигби» Мультхикая.
16.55 Анимация. Отандық / «Түркістан»
17.20 Комикс. Отандық / «Ержүрек сақшылар»
17.55 Комикс. Отандық / «Суперкөлік Самұрық»
18.05 «Хайди» Мультхикая.
18.55 Анимация. Отандық / «Алпамыс»
19.20 Анимация. Отандық / «Ер Тарғын»
19.35 «Аполлонның ерлігі» Мультхикая.
20.00 Анимация. Отандық / «Айдар»
20.30 «Мисс Кәусар» танымдық жобасы
20.45 Анимация. Отандық / «Еркетай»

21.00 Анимация. Отандық / «Жасыл ел»
21.25 «Зак дауыл» Мультхикая.
21.55 «Горм сақшылары» Мультхикая.
22.10 «Сиқырлы бөлме» кешкі ертегі.
22.25 «Жасөспірім Марко Полоның хикаялары» Мультхикая.
22.50 Комикс. Отандық / «Ержүрек сақшылар»
23.20 Анимация. Отандық / «Сәби»
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

TALIM TV TALIMTV

07.05 Семейный доктор
07.40 Тәлім History
08.10 Өнер қырандары
09.00 Қазақ спортының классикасы
09.40 Әжемнің өңгімесі
10.00 Ем болсын
10.10 Біздің жанұя
10.30 «Саморазвитие» – Маржан коуч
10.50 Ем болсын
11.00 «Маңызды мәселе» – Қайталау
12.00 Ем болсын
12.20 Ой-талқы
13.10 Ем болсын
13.20 «Қышқыл – Мысқыл»
13.40 Проза параграфы
14.10 Емен жарқын
14.50 Ем болсын
15.00 «Сырласайық» (Архив) – Қайталау
16.00 Ем болсын
16.20 «Үлкен үй-4» – телехикая
17.10 Тамашаліке
17.40 «Бабалар сөзі – өсиет» – Терме
18.00 «Барыңды бағала» – көркем фильм
18.30 «Сағыныш – Әке» – көркем фильм
19.00 Тәтті time – Рамазан
19.40 Өтелмес борыш – көркем фильм
19.50 Ұлт саулығы
20.00 Идея
21.20 «Үлкен үй-4» – телехикая
22.00 Talim Speakers
22.30 Руханият
23.00 «Summary 100 кітап»
23.30 Жақсы кино



АСТАНА

06.00 «Белгісіз жан» түрік телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» М/ф
09.00 «Қарындасым, қарлығашым» үнді телехикаясы
11.20 «Ұлым» түрік телехикаясы
12.20 «Шыңғысхан» телехикаясы
16.45 «Шаншар»
20.00 «Астана кеші көңілді»
21.00 «Қара ниет» түрік телехикаясы
21.55 «Қарындасым, қарлығашым» үнді телехикаясы
23.40 «Бизнес по казахски» х/ф
01.20 «Сүлеймен Сұлтан» түрік телехикаясы
02.50 «Ұлым» түрік телехикаясы
03.30 «Астана кеші көңілді»
04.20 «Үздік әзілдер»

ЖЕКСЕНБІ
17 СӘУІР

Almaty™ АЛМАТЫ

06.00 Әсем әуен
07.00 Концерт
08.30 Детский кино клуб
09.30 Детский кино клуб
11.00 Отандық кино
13.00 Әсем әуен
15.00 Женский кино клуб.
19.00 Ораза уағыз
19.10 Концерт
20.45 Телехикая. «Гюмюш»
61 серия
22.00 Мужской кино клуб
0.00 Мужской кино клуб
2.00 Алматинские истории
2.50 Алматинские каникулы
3.20 Алматы – тұнған тарих
4.05 Алматы кеші
4.40 Алматы кеші
5.55 Әнұран

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Әнұран
6.05 «Жәдігер»
6.35 «Күміс көмей». Ұлттық-музыкалық танымдық бағдарлама
7.25 «Talrui»
8.00 «AQSAҮҮТ»
8.25 «Сағындырған әндер-ай»
10.00 «Гүлдер құпиясы». Телехикая.
12.00 «Qazaqstan дауысы. Балалар»
13.50 Дисней ұсынады. «Вольт». Мультфильм (АҚШ, 2008 ж.)
15.20 «Ән мен әнші»
16.50 «КҮЙ-КЕРҮЕН»
17.25 «Әйел әлемі»
18.00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ». Телехикая.
20.00 «АРТА». Сараптамалық бағдарлама. Тікелей эфир
20.50 «Жүзден жүйрік»
22.30 «ЖАТ МЕКЕН». Телехикая. (с субтитрами)
23.30 «Көңілашар»
0.30 «Арта». Сараптамалық бағдарлама.
1.20 «Күміс көмей». Ұлттық музыкалық танымдық бағдарлама
2.10 «Aqsaуyt»
2.30 Әнұран

ХАБАР

5.00 ҚР Әнұраны
5.00 Кино.
7.00 Телехикая марафоны. «Няня аға»
8.45 «Самопознание»
9.00 Концерт
10.00 Кино. «Қыз-Жібек»
12.30 Телехикая марафоны. «Ана жүрегі»
14.00 Тұсаукесер! «Маска»
2 маусым
16.00 Кино.
18.00 Мегахит.
20.00 Хит жазамыз
21.00 Информационный канал – аналитическая программа «7 күн»
22.00 «Большая неделя». Прямой эфир
23.30 Концерт
1.00 ҚР Әнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 Тамаша live
07.30 «Күліп ALL» (қайталау)
09.00 TeleBingo. Прямой эфир
09.25 Готовим с Адель
09.55 Анимационный фильм «Анимационный фильм «Два хвоста» (повтор)
11.40 КИНО. «Бизнес по-казахски» (повтор)
13.45 КИНО. «Вратарь Галактики» (повтор)
16.35 КИНО. Николай Костер-Вальдау, Джерард Батлер в фэнтези «Боги Египта» (повтор)
19.15 КИНО. «Линия горизонта»
21.00 «Bizdin show»
23.00 КИНО. Джет Ли в боевике «Герой» (повтор)
01.10 Тамаша live (қайталау)
02.00 Әзіл студия
03.00 Әзілдер күнделігі
04.00 What's up?
05.00 Ризамын

ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7.45 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
8.15 «П@УТИНА» бағдарламасы
9.05 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ»
9.20 Премьера. «БАЙКОНУР. ПЕРВЫЙ НА ПЛАНЕТЕ ЗЕМЛЯ»
10.25 «НИКТО НЕ УЗНАЕТ» Многосерийный фильм
14.10 Павел Баршак, Екатерина Тышкевич в многосерийном фильме «ОБМАНИ СЕБЯ»
17.30 «ДОБРЫЙ ВЕЧЕР, КАЗАХСТАН!»
18.30 ШОУ МАКСИМА ГАЛКИНА «ЛУЧШЕ ВСЕХ»
20.00 «ГРАНИ». Прямой эфир
21.00 Премьера. Евгения Брик в многосерийном фильме «НИКТО НЕ УЗНАЕТ»
0.40 «ТОЧЬ-В-ТОЧЬ»
2.50 «П@УТИНА» бағдарламасы
3.35 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
До 5.00

7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.30 Т/п «Гу-гулет»
07.00 Т/х «Япырай»
07.30 Т/п «Құтты қонақ»
08.00 Jaidarman
09.00 Шоу «Маска»
12.00 Т/с «Никонов и Ко»

15.00 Скетчком «Q-елі»
16.30 Т/х «Қадам»
19.30 Т/х «\$өке 2»
21.00 X/c «Шахматная королева»
00.45 X/ф «13»
02.30 Jaidarman
04.00 Скетчком «Q-елі»
05.10 Т/п «Қуырдақ»

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ»
07.30 «ӘН МЕН ӘНШІ»
09.30 «ЮМОРИНА»
11.30 «МАЛЬЧИК МОЙ», мелодрама (повтор)
15.30 «ӘЙЕЛДЕР КӨТЕРІЛІСІ», көркем фильм
17.20 «ӘН МЕН ӘНШІ»
20.00 «AQ MAMA», реалити-шоу. Тұсаукесер!
21.00 «ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ» с Артуром Платоновым
22.00 «ОТ СЕРДЦА К СЕРДЦУ», мелодрама.
23.40 «ОДИНОЧКА», остросюжетный детектив (повтор)
02.45 «ӘЙЕЛДЕР КӨТЕРІЛІСІ», көркем фильм (қайталау)
04.00-
04.30 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ» (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

7.00 Әнұран
7.05 «ЖҰЛДЫЗБЕН ЖАТТЫҒУ». Нұрбақыт Теңізбаев, Дәурен Жұмағазин
7.15 «Зеректер ойыны». Арнайы репортаж
7.30 ФУТЗАЛ. Еуропа Чемпионаты. Испания – Босния и Герцеговины
9.15 «СЕРГЕКТІК СЫРЫ». 14-бағдарлама
9.25 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
9.55 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық Лига. Плей-офф. Тікелей эфир
12.00 «Эверестке дейінгі 300 шақырым». Деректі фильм
12.55 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық Лига. Плей-офф. Тікелей эфир
14.55 «СҰХБАТ». Данил Пак
15.30 Арнайы репортаж
15.50 БАСКЕТБОЛ. ВТБ «Енисей» – «Астана». Тікелей эфир
18.00 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа Лигасының шолуы
18.55 ФУТБОЛ. ОЛИМПБЕТ-Қазақстан Чемпионаты. «Тараз» – «Шахтер». Тікелей эфир
21.00 ФУТБОЛ. «Тур по туру». Прямой эфир
21.40 «Сыр еліндегі балуандар бәсекесі». Арнайы репортаж

22.05 ММА «ОCTAGON 27»
2.05 «Жетісу өңірінің спорты». Арнайы репортаж
2.25 Әнұран

BALAPAN BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7.05 «Түрлі текшелер» Мультхикая.
7.15 «Смайтиктер» Мультхикая.
7.45 «Клео мен Кукин» Мультхикая.
8.10 «Айдаһар Дигби» Мультхикая.
8.35 Анимация. Отандық / «Кім болғың келеді?»
8.50 Анимация. Отандық / «Томпи»
9.35 Анимация. Отандық / «Аңқау қасқыр»
9.45 «Хайди» Мультхикая.
10.35 «Көңілді жексенбі» отбасылық сайысы
11.00 «Горм сақшылары» Мультхикая.
11.30 «Питер Пэн» Мультхикая.
12.15 «Зак дауыл» Мультхикая.
12.45 «Мисс Кәусар» танымдық жобасы
13.00 Анимация. Отандық / «Ер Тарғын»
13.15 Анимация. Отандық / «Сәби»
14.20 Анимация. Отандық / «Жасыл ел»
14.35 Анимация. Отандық / «Айдар»
15.15 Анимация. Отандық / «Күлкі іздеген Күнекей»
15.25 Анимация. Отандық / «Алтын кілт»
15.40 «Үйрен де жирен!» танымдық бағдарламасы
16.05 «Клео мен Кукин» Мультхикая.
16.30 «Айдаһар Дигби» Мультхикая.
16.55 Анимация. Отандық / «Көне құмыраның сыры» /Шымкент
17.10 Анимация. Отандық / «Томпи»
18.05 «Хайди» Мультхикая.
18.55 Анимация. Отандық / «Сәби»
19.25 Анимация. Отандық / «Түлкі, кене және тасбақа»
19.35 «Аполлонның ерлігі» Мультхикая.
20.00 Анимация. Отандық / «Айдар»
20.35 «Мисс Кәусар» танымдық жобасы
20.50 Анимация. Отандық / «Еркетай»
21.05 Анимация. Отандық / «Ер Тарғын»
21.25 «Зак дауыл» Мультхикая.
21.55 «Горм сақшылары» Мультхикая.
22.10 «Сиқырлы бөлме» кешкі ертегі.
22.25 «Жасөспірім Марко Полоның хикаялары» Мультхикая.

22.50 Анимация. Отандық / «Жасұлан»
23.05 Анимация. Отандық / «Алтын кілт»
23.20 Комикс. Отандық / «Суперкөлік Самұрық»
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

TALIM TV TALIMTV

07.05 Балалық шаққа саяхат
07.40 Ғибратты ғұмырлар
08.10 Ой-талқы
09.00 Тәтті time – Аспаз уақыты
09.40 Айтыстар. Алтын қор
10.00 Ем болсын
10.10 «Баланы бала деменіз» – Балалар уақыты
10.30 Orken style
11.00 Ем болсын
11.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
12.00 Ем болсын
12.20 Рухани байлық
13.10 Ем болсын
13.20 Тәлім trend – Қаржы пирамидасы
14.10 Тәлім History
14.50 Ем болсын
15.00 «Сырласайық» (Архив) – Қайталау
16.00 Ем болсын
16.20 «Үлкен үй-4» – телехикая
17.10 Менің – Анам, Әкем
18.00 Өнер қырандары
19.00 Тәтті time – Рамазан
19.50 Ұлт саулығы
20.00 «Бір дубль»
21.30 «Үлкен үй-4» – телехикая
22.00 Talim Speakers
22.30 Латын
23.00 Абайдың жолы
23.30 «Сырласайық» – Психологиялық бағдарламасы

АСТАНА

06.00 «Белгісіз жан» түрік телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» М/ф
09.20 «Қарындасым, қарлығашым» үнді телехикаясы
11.20 «Ұлым» түрік телехикаясы
12.20 «Көкжалдар» Көркем фильм
14.00 «Алдараспан»
18.00 «Бизнес по-казахски» х/ф
20.00 «SarapTimes» апталық-сараптамалық бағдарламасы
21.00 «Қара ниет» түрік телехикаясы
21.55 «Қарындасым, қарлығашым» үнді телехикаясы
23.40 «100% махаббат» телехикаясы
02.15 «Сүлеймен Сұлтан» түрік телехикаясы
03.45 «Ұлым» түрік телехикаясы
04.30 «Үздік әзілдер»



ТАЭКВОНДО



Әлемдік рейтингте бірінші тұр

Қазақстан таэквондода тарихи жетістікке қол жеткізді. Қазақстандық таэквондошы Жансель Дениз жаңартылған әлемдік рейтингте бірінші орынға шықты.

Қазақстан таэквондо тарихында алғаш рет отандық спортшы әлемдік рейтингті бастап тұр. 73 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде әйелдер арасында Дениз 139.81 балмен тізімде көш бастап тұр. Екінші орында – ресейлік Полина Хан (107.94), үшінші орында – Оңтүстік Корея спортшысы Да Бинь Ли (105.60). Рейтингтің алдыңғы нұсқасында Жансель төртінші орында тұрған еді.

Айта кеткен жөн, Дениздің мансабындағы ең маңызды жетістіктерге 2018 жылы Джакартада (Индонезия) өткен Азия ойындарының күміс медалі мен 2017 жылы Тайбейде (Тайвань) өткен Жазғы универсиаданың «күміс» жүлдесі жатады. Спортшымыз – өзге де халықаралық турнирлердің чемпионы әрі жүлдегері.

ДЗЮДО

Жүлдеден кенде емеспіз

Қазақстандық дзюдошылар Азия Кубогының алғашқы күнінде сегіз медаль жеңіп алды.



Дзюдодан Азия кубогы Өзбекстан астанасы Ташкентте өтіп жатыр. Жарыстың бірінші күні Қазақстан командасы екі алтын, екі күміс және төрт қола медальға ие болды.

Нұрайлым Сәрсенбек (48 кг) пен Дана Әбдірова (57 кг) алтыннан алқа тақты. Зере Өтепқали (40 кг) мен Талғат Орынбасар (60 кг) күміс, ал Сабина Юлдашбекова (40 кг), Інкәр Құралбай (44 кг), Рамазан Сүйіндіков (55 кг), Данил Сұлтанхан (55 кг) қола жүлде иеленді.

БОКС

Жартылай финалға жолдама бар



Қазақстан боксшылары Пхукетте өтіп жатқан Thailand Open халықаралық турнирінде бақ сынауда. Былғары қолғап шеберлері жартылай финалға шығу үшін күресуде.

Отандық спортшылардан жартылай финалға бірінші болып Серік Теміржанов шықты. 57 келіге дейінгі салмақта өнер көрсететін спортшымыз турнирдің 1/8-інде филиппиндік Марио Фернандесті ұпай бойынша, ал ширек финалда сингапурлық Мохамед Ханурдин БИН Хамидті бірнеше нокауттанға жіберу арқылы жеңді.

Өкінішке қарай, әлем чемпионы Сәкен Бибосынов тайландтық Танарат Саенфеттен басым түсе алмады.

ФУТБОЛ

СОҢҒЫ СӘТТЕГІ ЖЕҢІС

Бала кезде қайтсе де берілмейтін қаһармандарды ертегілерден оқып білуші едік. Өсе келе ондай қайраттылық пен табандылықтың шынайы адам бойында да болатынын түсіндік. Әсіресе, іштегі бәсекелестік сезімі оянған рухты спортшылар ешқашан берілмейді екен. Олардың мұндай қалауын қолдап өмірдің өзі жауапсыз қалдырмайтындай көрінеді маған. Себебі, сайыстың соңғы сәтінде жеңіске жеткендер аз емес. Солардың ішіндегі үздік мысалдарды сіздерге ұсындық.



Сэр Алекс шәкірттері – Еуропа чемпионы

1999 жыл. Мамыр айының 26-сы. Үздіктердің ойынын көруге келген 90 мың адам Камп Ноу аренасын басына көтере дүрілдетіп тұр. Бұл кеште соңғы жылдары Англия біріншілігінде өзгеге дес бермей келе жатқан Манчестер Юнайтед командасымен әр ойыншысы мірдің оғындай Германия чемпиондары Бавария кездеспек. Ағылшын командасын бастаған Сэр Алекс Фергюсон шәкірттері осы ойында жеңіске жетсе, ең беделді марапаттардың басын біріктіріп өз еліндегі алғашқы треблді алмақ (требл – ішкі чемпионатты, ішкі кубокты, чемпиондар лигасын бір ойын маусымы ішінде жеңу). Неміс командасы да 1976 жылдан бері жеңіске жетпеген чемпиондар лигасының алтынынан құр қалмауы үшін бес қаруын дайындап келген.

Ойын кәсіби шеберлігі үшін футбол тарихында аты алтын әріппен жазылған төреші Коллина Пьерлуиджи ысқырығынан басталды. Допты ойынға қосқан Манчестерлік ойыншыларда «ә» дегеннен сенімсіздік байқалды. Оның сыры – азулы қарсыластарынан қорыққандық емес, шектен тыс сары карта жинаған команда капитаны Рой Кин мен үздік жартылай қорғаушылардың бірі Пол Скоулздың осы

ойыннан шеттетілуі еді. Сақадар сай тұрған неміс ойыншылары бұл сенімсіздікті сезгендей ойын басталғаннан-ақ борандай соғып, қайта-қайта шабуылдауға көшті. Сондай шабуылдардың бірінде айып алаңына жете берген Янкерді Манчестерлік қорғаушы Йонсен қағып құлатты. Қақпаға барынша жақын қойылған айып добын орындауға Баслер Марио келді. Ысқырықпен ілесе тепкен Баслердің соққысы қарсыластарының қорғаныс қабырғасын айнала қақпаның оң жақ төменгі бұрышына дәл кірді. Қақпаны күзеткен Шмейхель соққының жойғындыған селт етпей тұрып қалды. Неміс командасы 6-шы минутта алдыға шықты, есеп 1:0.

Соғылған голдан кейін ойын бейнесі айтарлықтай өзгере қоймады. Ағылшын командасының сирек шабуылдарына тойтарыс беріп Бавария ойынды толық өз бақылауында ұстады. Өздері де шабуылдауды ұмытқан жоқ. Кездесудің екінші жартысы басталғанда да МЮ ойыншылары гол соғуға жақындай алмады, ал шешу ойынның уақыты өтіп жатты. Енді шегінерге жол жоғын түсінген Сэр Алекс алаңға қосалқы ойыншыларын шығара бастады, Бломквистті Шерингем, Коулды Сульшер ауыс-

тырды. Жаңа ойыншылар Манчестерлік командаға серпіліс беріп, соңғы 20 минутта Бавария қақпасында тұрған Оливер Канға шынайы қауіп төндіре бастады. Дегенмен, Фергюсон шәкірттері қанша тырысқанымен неміс қорғанысы сыр бермеді.

90-шы минут. Төреші ойынға қосымша 3 минут қосты. Бұрыштамадан айып алаңына асырылған доп таласқан ойыншылардан ытқып, МЮ жартылай қорғаушысы Гигтздің аяғына түсті. Оның ойланбастан қақпаға бағыттаған добына аяғын тосқан екінші Манчестерлік ойыншы Шерингем соққының бағытын дұрыстап, гол соқты. Есеп 1:1. Жеңіске іштей жеттік деп тұрған Бавария ойыншыларына бұл үлкен соққы болды. Ал қуаныштары қойнына сыймаған ағылшын ойыншылары жеңіс голын соғуға асықты. Тағы бір шабуылдан кейін неміс командасына қарсы бұрыштама добы қойылды. Бекхэмнің әуелете көтерген пасы Шерингемге дәл келді де, ол баспен соққы жасады. Қақпадан қисықтау кетіп бара жатқан допка бұл жолы Сульшер аяғын қойып үлгерді де, Манчестер Юнайтедті ең соңғы минутта алдыға шығарды. Сэр Алекс шәкірттері қайтпас қайсарлықтың арқасында Еуропа чемпиондары атанды.

БАСКЕТБОЛ

СИҚЫРЛЫ 3 СЕКУНД

1972 жылғы олимпиада ойындарының баскетболдан ерлер арасындағы финалдық ойында АҚШ пен КСРО командалары кездеседі. АҚШ құрамасы сөзсіз фаворит саналды. Себебі, 1936 жылдан бері, яғни баскетбол жазғы ойындар бағдарламасында қосылғаннан бастап, америкалық спортшылар ешқашан жеңілмеген. Олар қатарынан 7 рет алтын алып, жеңіс сериясын КСРО-ға қарсы шешуші кездесуге дейін 63 ойынға дейін жеткізген. Алайда, Кеңес құрамасы да әлсіз болмады. Тәжірибелі Сергей және Александр Беловтар бастаған команда кем дегенде 7 жылдай құрама сапында бірге ойнап, шебер ұжымға айналған. Олардың сапында қазақ баскетболшысы Әлжан Жармұхамедов те болды.

Шешуші кездесу олимпиада үшін арнайы салынған және 7 мыңға жуық көрермен сыятын Мюнхендегі «Руди-Зедльмайер-Халле» аренасында өтті. Қарсылас команданың фаворит екеніне қарамастан ойынның басынан-ақ кеңестік ойыншылар

өздерін белсенді көрсете білді. Алғашқы үш минуттан соң есеп КСРО басымдылығымен 5:0 болды. Америкалық ойыншылардың қарымта шабуылдарына қарамастан, ойын бойы кеңестік баскетболшылар 4:8 ұпайға алда отырды. Кездесудің бірінші жартысы 26:21 есебімен аяқталды. Матчтың екінші жартысы да соңғы минуттарға дейін дәл осындай кейіпте өтті. Тек ойынның бітуіне 6 секунд қалғанда 49:48 есебімен жеңіп тұрған КСРО құрамасы Александр Белов кателігінен кейін ойын бойы алғаш рет артта қалды. Есеп тақтасында кездесу соңына дейін 3 секунд қалғаны көрсетілді. Бірақ бұл тактада бірнеше рет техникалық ақаулар болып, доп ойынға 3 қайтара енгізілді.

Үш мәрте допты ойынға қосқан Едешконың бұл жолғы пасы бар алаңды ұшып өтіп Александр Беловқа дәл жетті де, кеңестік баскетболшы допты сақинаға киізіп жіберді. Сиқырға толы 3 секунд Кеңестік құраманы олимпиада чемпионы етті.



АРАЛАС ЖЕКПЕ-ЖЕК

ГОНГПЕН ЖАРЫСҚАН СОҚҚЫ



Аралас жекпе-жекте күтпеген нәтижелердің жиі болатыны көпке мәлім. Оның ішінде тосыннан келген соңғы минуттардағы нокауттар да аз емес. АҚШ-тың Денвер қаласында өткен UFC Fight Night 139 турнирінде промоушннің рекордтық ең кеш нокауты тіркелді. Ол турнирдің басты спортшылары Чан Сон Чжон (лақап аты «Корейлік Зомби») мен Яир Родригес (лақап аты «Пантера») арасындағы жекпе-жекте болды.

Бұл кездесу бүгінде сүрілген McNichols Sports Arena аренасында 2018 жылдың 10-шы қарашасында өтті. Жекпе-жек басынан ақ екі спортшы артқа шегінбей қайта-қайта соққы алмасумен болды. Бірде қарсыласын бұрышқа тықсыра корейлік спортшы ба-

сымдылық танытса, енді бірде Яир өз есесін жібермей сериялы соққылармен жауап берді. Әр раунд 5 минутқа созылатын жекпе-жекте екі спортшы 5 раунд бойы бар күш-жігерін салып, нағыз жауынгерлік рухтарын көрсетті. Шешуші раунд аяқталуына 10 секунд қалғанда қалғанда екі спортшы бір-бірін мойындап құшақтасып та алды.

Дегенмен, жеңіске деген құштарлығы қайтпаған Чан Сон Чжон кездесу аяқталуына 1 секунд қалғанда қарсыласына ұмтыла кетті. Оны күтіп тұрған мексикалық спортшы шынтағын көтере соққы берді де, «Корейлік Зомбиді» сұлатып түсірді. Яир Родригестің бұл нокауты шешуші раундтың 4:59 уақытына жазылды.

Бетті дайындаған Досбол АТАЖАН.



COVID-19: ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ

ДӘРІГЕРЛЕР
КӨМЕККЕ КЕЛДІ

ҚАЗАҚСТАН жерінде эпидемиологиялық жағдай жақсарды. Бірақ әлемдегі ахуал әлі де тұрақсыз болып тұр. Бұл туралы өзіміздің Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният айтты.

«Қазір Қытайда «омикрон» штамын жұқтырғандар саны өсіп жатыр. Еуропаның кейбір елдерінде көбеюде. Бірақ тұтастай алғанда, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, соңғы аптада жалпы көрсеткіш төмендеп келеді. Елде бәрі тыныш, сол себепті біз шектеу шараларын алып тастадық. Бірақ шекарада бақылау әлі бар. Елге кіргендердің бәрін тексереміз. Вакцина мен теріс нәтижелі ПТР-тест міндетті», – деді министр Үкімет отырысында. Ол қазақстандықтарды корона-вирусқа қарсы ревакцинация жасатуға, сондай-ақ бустерлік доза алуға шақырды. «Бүгінде ДДСҰ коронавирустың жаңа штамы пайда болуы мүмкін екенін немесе ол маусымдық вирус сияқты жеңіл формаға ауысатынын болжап отыр», – деді министр.

ҚЫТАЙ еліндегі Шанхай қаласында аз күн ішінде-ақ 14 млн-нан астам адам COVID-19 індетін анықтау үшін тест тапсырды. Аймақта жаппай тестілеу өткізу үшін жергілікті билік арнайы локдаун енгізген болатын. Бұған шаһардағы эпидемиологиялық ушығуы себеп. Аймақта бір күн ішінде ковид жұқтырған 260 науқас дәрігердің көмегіне жүгінген. Тағы 6 мыңнан астам адамда індет симптомсыз өтуде. Көптеген компания қашықтан жұмыс істеп жатыр.



Жуырда Шанхайға Уханьнан 50-ден астам дәрігер барды. Бұған дейін Бейжің 10 мың дәрігер жіберген еді. Бұлай дүрлігуге себеп бар. Қытайлық дәрігерлер індеттің жеңіл түрімен ауыратын науқастардың бірінен BA.1.1 деп аталатын жаңа штамм анықтады. Оның қаншалықты жұқпалы екендігі және қаншалықты жиі кездесетіні әлі белгісіз.

ҰЛЫБРИТАНИЯ елінде «омикронның» жаңа түрі анықталды. Ол «экси» ((ХЕ)) деп аталады. Денсаулық сақтау агенттігінің мәліметі бойынша аталған инфекцияны 600-ден астам адам жұқтырған. Кейінгі күндердегі деректерге сүйенсек, «экси» «омикронның» алдыңғы түрі «стелске» қарағанда 10%-ға тез таралып жатқан көрінеді. Десе де, бұған дейін мутацияға ұшыраған нұсқалармен салыстырғанда қаншалықты қауіпті екенін айту әзірге ерте дейді ғалымдар.

ГОНКОНГ билігі 9 мемлекетпен арадағы шектеулерді жеңілдеткеннен кейін аймаққа Маниладан алғашқы рейс қонды.

Пандемия басталғалы Гонконгте қатаң карантин қабылданған болатын. Әуе қатынастары тұралап, халықтың шетелге ұшуы қиынға соққан еді. Енді сәуірден бастап Австралия, Канада, Франция, Үндістан, Непал, Пәкістан, Филиппин, Ұлыбритания мен АҚШ тұрғындары Гонконгке кедергісіз тікелей ұша алады. Бұдан былай жолаушы 14 күннің орнына 7 күн ғана оқшауланады.

ДДСҰ COVID-19-ға қарсы жаңа жоспарын жариялады. Онда пандемияның биыл өрбу мүмкіндігінің 3 сценарийі сипатталған. Соның ішінде сарапшылар «вирус біржола жоғалып кетпейді, әрі қарай тарала береді, бірақ вакциналау негізінде иммунитет қалыптасып, аурудың ауырталығы төмендейді» деген нұсқаға көбірек иек артады. Сондай-ақ, аталған жоспарда вирус жұқтыру мен одан көз жұму көрсеткіші көп жағдайда ұжымдық иммунитетке байланысты болатыны айтылады.

Әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ

Сақтансаң – сақтайды

Сіз су басу немесе сел жүру қаупі туындаған жағдайда және одан кейін не істеу керектігін білесіз бе? Білмесеңіз, құтқарушылар ұсынған мына нұсқаулықтардың артықтығы жоқ.

Су тасқыны кезінде тұрғындарға ақыл-кеңес

*Су тасқыны – өзендегі немесе көлдегі су деңгейінің көтерілуі, қардың мол еруі салдарынан жер бетін су басып қалу.

Су тасқынының негізгі себептері:

1. Қар мен мұз еритін көктем мезгілінде судың мол келуі;
2. Несерлі жаңбыр;
3. Жел айдаған су, мұзқұрсау, мұздың кептелуі, сеңнің жүруі;
4. Гидротехникалық үймереттердің бұзылуы;
5. Ағынсу аңғарындағы опырылу мен көшкін;
6. Жерасты суларының кенеттен беткі қабатқа атқылап шығуы.

Су тасқыны кезінде не істеу керек?

- Су басқан аймақтан кешікпей кетіңіз;
- Өзіңізбен бірге құжаттарыңызды, керек-жарағыңызды алып, оларды су өткізбейтін пакетке салыңыз, сонымен қатар екі тәулікке жететін, бұзылып кетпейтін азық-алуды да ұмытпаңыз;
- Үйден шығарда электр қуаты мен газды өшіріп кетіңіз;
- Мүмкіндігіне қарай үйдегі бағалы заттарды жоғарғы қабатқа немесе үй шатырына көшіріңіз;
- Көмек келгенше немесе су тасқыны басылғанша, жоғарғы қабатта, үйдің шатырында, ағаш үстінде немесе басқа биік жерде бола тұрыңыз.
- Апатқа ұшырағаныңыз туралы белгі беруді тоқтатпаңыз.

*Су тасқыны – өзендегі немесе көлдегі су деңгейінің көтерілуі, қардың мол еруі салдарынан жер бетін су басып қалу.

Апатқа ұшырағаныңыз туралы белгіні қалай берген жөн?

- Күндіз – көзге түсетін шүберекті сырыққа не ағашқа іліп, қайта-қайта бұлғаңыз;
- Түнде – жарық сигналын беріңіз және оқтын-оқтын айқайлаңыз;
- Басқа жағдайда – от жағу, жалау, автокөліктің дыбыс дабылын пайдалану т.б.
- Құтқарушылар жақындағанда, асықпай, абыржымай қайыққа, салға т.б. жүзу құралына ауысыңыз. Сондай-ақ құтқарушылардың талабын мүлтіксіз орындаңыз.

*Су тасқыны – өзендегі немесе көлдегі су деңгейінің көтерілуі, қардың мол еруі салдарынан жер бетін су басып қалу.

Су тасқынына қалай дайындалу керек?

- Су басып қалуы ықтимал жерлерді зерттеп, еске сақтаңыз.
- Үйіңізге таяу жерде су сирек басатын қыраттарды қарап, су басқан кезде оған тез жететін жолды ойластырып қойыңыз.
- Су тасқыны жағдайында ұйымдасқан түрде және өз бетіңше эвакуация жасау кезіндегі қимыл-қарекет ережелерін отбасы мүшелерімен, балалармен талқылаңыз.
- Эвакуация кезінде өзіңізбен бірге алатын құжаттардың, заттардың, дәрі-дәрмектердің тізімін алдын ала жасап қойыңыз.
- Жолқапшыққа керек жылы киімдер, азық-түлік, су, дәрі-дәрмектерді алдын ала салып қойыңыз.

*Су тасқыны – өзендегі немесе көлдегі су деңгейінің көтерілуі, қардың мол еруі салдарынан жер бетін су басып қалу.

Су тасқынына қалай дайындалу керек?

- Су басып қалуы ықтимал жерлерді зерттеп, еске сақтаңыз.
- Үйіңізге таяу жерде су сирек басатын қыраттарды қарап, су басқан кезде оған тез жететін жолды ойластырып қойыңыз.
- Су тасқыны жағдайында ұйымдасқан түрде және өз бетіңше эвакуация жасау кезіндегі қимыл-қарекет ережелерін отбасы мүшелерімен, балалармен талқылаңыз.
- Эвакуация кезінде өзіңізбен бірге алатын құжаттардың, заттардың, дәрі-дәрмектердің тізімін алдын ала жасап қойыңыз.
- Жолқапшыққа керек жылы киімдер, азық-түлік, су, дәрі-дәрмектерді алдын ала салып қойыңыз.

*Су тасқыны – өзендегі немесе көлдегі су деңгейінің көтерілуі, қардың мол еруі салдарынан жер бетін су басып қалу.

Су басып қалған ауданнан өз бетінше қалай шыққан жөн?

- Су басып қалған ауданнан өз бетінше тек медициналық көмекке қажеттілік болғанда немесе су деңгейі тоқтаусыз көтерілгенде шығуға кеңес беріледі.
- Мұндай жағдайда сенімді жүзу құралы болуы керек және қозғалыс бағытын білген жөн. Жүзу құралын шүберек қапты аузы тығындаулы бос пластикалық бөтелкемен толтырып жасауға болады.
- Су ішінде балсаңыз, суға батпайтын көз келген заттан мықтап ұстаңыз.
- Апатқа ұшырағаныңыз туралы қайта-қайта белгі беріңіз.
- Сізді судан алып шыққан бойда киіміңізді сығып, қайта киіңіз.

*Су тасқыны – өзендегі немесе көлдегі су деңгейінің көтерілуі, қардың мол еруі салдарынан жер бетін су басып қалу.



ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде Телефон: 261-59-11. «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)

1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 6 айға – 3603 теңге // 8 айға – 4804 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)

1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 6 айға – 9723 теңге // 8 айға – 12964 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)

1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 6 айға – 2643 теңге // 8 айға – 3524 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY»

жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» –

алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасы» КММ (бұдан әрі – Басқарма) Басқарманың шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарында байқау кеңесінің мүшелігіне кандидаттарды іріктеу бойынша конкурстың келесі ұйымдарда өткізілуін хабарлайды:

№	Медициналық ұйымдардың атауы
1	Алматы қаласы ҚДБ ШЖҚ «№11 қалалық емхана» КМК
2	Алматы қаласы ҚДБ ШЖҚ «№13 қалалық емхана» КМК
3	Алматы қаласы ҚДБ ШЖҚ «№19 қалалық емхана» КМК

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалардың құжаттары конкурс өткізу туралы хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап мына мекенжай бойынша қабылданады:

1. Алматы қаласы ҚДБ ШЖҚ «№11 қалалық емхана» КМК – ҚР, Алматы қаласы, Жетісу ауданы, «Айнабұлақ-3» ықшамауданы., Жұмабаев көшесі, 87, 260-кабинет, тел. 8 (727) 252-21-21 – қосымша ақпаратты веб-сайттан табуға болады www.gp11.kz;

2. Алматы қаласы ҚДБ ШЖҚ «№13 қалалық емхана» КМК – Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, Сейфуллин даңғылы, 97/32, қабылдау бөлмесі, тел.: 8 (727) 223-21-50 – қосымша ақпаратты веб-сайттан табуға болады www.wp.gp13almaty.kz;

3. Алматы қаласы ҚДБ ШЖҚ «№19 қалалық емхана» КМК – Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, Папанин көшесі, 220, қабылдау бөлмесі, тел. 8 (727) 243-33-70 – қосымша ақпаратты веб-сайттан табуға болады www.gp19.kz.

«Сарыағаш БОТТЛЕРС» ЖШС БСН 970440000470 өз қызметінің тоқтатылғаны туралы хабарлайды. Барлық шағымдар 8 (777) 626 34 94 телефоны бойынша қабылданады.

«Компания ЭКОПЭТ» ЖШС БСН 011140001025 өз қызметін тоқтатқанын хабарлайды. Барлық шағымдар 8 (777) 626 34 94 телефоны бойынша қабылданады.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ

Жылу беру тоқтады

Алматыда жылыту маусымы 5 сәуірде аяқталды.

«Алматыда күнтізбелік 5 күн ішінде гидрометеорологиялық қызмет тіркеген сыртқы ауаның орташа тәуліктік температурасы +8° С және одан жоғары болуына байланысты және ұзақ мерзімді ауа райы болжамын назарға ала отырып, қалалық әкімдік 2022 жылғы 5 сәуірде 2021-2022 ж.ж. жылыту маусымын аяқтау туралы шешім қабылдады», – деп хабарлады Алматы әкімшілігі.

Досбол АТАЖАН.


«Alataу Aqparat» медиахолдингінің ұжымы жазушы-драматург, қазақ әдебиетінің классигі Дулат Исабековке жұбайы

Нұрғайша ЖАРМҰҚАМЕДОВАНЫҢ қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Alataу Aqparat» медиахолдингінің ұжымы «Almaty aqshamy» газетінің бұрынғы қызметкері, еңбек ардагері Нұрғиса ӘУБӘКІРОВАНЫҢ қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ТЕАТР

Тәуелсіз ұжымдарға қолдау



Лермонтов атындағы Ұлттық орыс драма театры «ОТличная сцена» жобасын іске қосты. Жобаның мәні – қаладағы тәуелсіз театр ұжымдарына алаң ұсынып, оларға өздерін танытуға мүмкіндік беру.



Динар МҰРАТ

Өртістерге кіші сахнада өнер көрсетуге мүмкіндік берілді. Бұл мүмкіндікті бірінші болып Рауф Хабибуллиннің «Игра» актерлік мектебінің кішкентай өртістері мүлт жібермеді. Олар зал толы көрермен жинап, «Бремен музыканттары» қойылымын көрсетті.

Келесі кезек – Алматының ерекше шығармашылық ұжымдарының бірі – «Действие буквально» инклюзивті театрына тиесілі. Олар «Вавилон мұнарасы» спектаклімен сахнаға шығуға дайындалуда. Театр тарихы 2017 жылдың ақпан айынан бастау алады. Содан бергі 5 жыл ішінде «Действие буквально» труппасы ондаған перформанстар мен эскиздерді шығарды. АҚШ, Оңтүстік Корея, Жапония, Ресей, Өзбекстан және Қазақстандағы әріптестерімен ортақ жобаларға қатысып, режиссер Борис Павловичтің «Вавилон мұнарасы», Дарья Спивако-

ваның «Инструкция, как правильно плакать», Кати Дзвониктің «Той» сияқты 3 репертуарлық қойылымын қойып үлгерген.

«Вавилон мұнарасы» қойылымын Лермонтов театрының кіші сахнасынан 11 сәуірде көруге болады. Одан кейін өз кезегін «Тотальный театр», «Зазеркалье», Freeda театры мен «Трансформа» арт-кеңістігінің өнерпаздары күтуде.

– Біз қандай да бір себептермен өз алаңы жоқ, бірақ халыққа тарту ететін дүниелері бар барлық ұжымдарға көмектесуге дайынбыз, – дейді жоба кураторы Марина Константинова. – Бізде дүйсенбіде сахна алаңы бос болады, сондықтан оны басқа ұжымдарға неге ұсынбасқа?

Осы орайда, ең алдымен балаларға арналған қойылымдар ұсынатын немесе балалар ойнайтын ұжымдарға басымдық беріледі. Бұл бірінші кезекте Қазақстанда 2022 жылдың балаларға арналуына байланысты болып отыр.

– Басында жобаны жай ғана сынап көрейік дедік. Бірақ артынан оның маңыздылығын түсініп, тоқтатқымыз келмеді. Ұжымдар неғұрлым көп болса, соғұрлым әртүрлі қойылымдар болады. Ал ол өз кезегінде қаланың рухани өміріне оң септігін тигізеді, – дейді актер және режиссер, театрдың әдеби бөлімінің меңгерушісі Роман Жуков. – Біз барлық ниет білдірушілерді күтеміз.

«Alataу Aqparat» медиахолдингінің ұжымы белгілі журналист, телевизия және радио ардагері

Әбдірәлі БӨЛЕБАЕВТЫҢ

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Бас директор –
Төлеміс КҰЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефон-
дары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alataу Aqparat» ЖШС.
alatauaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 15 663

Кезекші редактор –
Досбол АТАЖАН

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPU00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

АЛМАТЫДА ӨРІК ГҮЛДЕДІ

Төңіректі түгел гүл көмкеріп, бұл көрініс табиғаттың жастық шағы – көктем келгенін аңғартып тұр



**Сәрсенбек
БЕКМҰРАТУЛЫ**

Бүгін сәуірдің 7-сі. Ал Рамазан айының – 6-сы. Еліміздің мұсылман қауымы қасиетті Рамазан айының оразасын ұстап жатыр. Бүгін алтыншы мәрте ауыз бекітті.

Бұл айда көкек алғаш шақырады. Сол себепті, қазекең бұл айды Көкек деп атаған. Кейін түрлі саяси-табиғи көзқарастарға байланысты сәуір деп аталып, күнтізбеге енді. Бұл өз алдына кейінгі бір әңгіменің арқауы. Сәуірде түрлі амал да көп. Бұрынғылар бұл ай туралы «Диқанға құт болғанымен, малшыға сарыуайым» деген. «Сәуір айы – қазақтың тәуір айы» деген де тәмсіл бар. Ал маркасқа Мұқағали «Сәуір айы шопанға сарыуайым, малмен бірге бағады ауа райын» деп жырлады. «Наурыз – суымен, сәуір – нуымен, мамыр – гүлімен» деп те айтады. Халқымызда бұл амалға қатысты «Сәуір болмай, сайран болмас; Сайран болмай, айран болмас», «Сәуір болса күн күркірер, күн күркіресе көк дүркірер», «Сәуірдегі жауын – Сауып тұрған сауын», «Сәуір жақсылығына бақса алты күн, жақсылығына бақпаса алпыс күн», «Сәуір болмай, тәуір болмас» деген мақал-мәтел, қанатты сөздер бар. Сонымен қатар, сәуір амалы кезінде соғатын көктемгі желді оңтүстік өңірлерде «сәуір» деп атаса, солтүстік аймақтарда «Алтын күрек» дейді.

Қазір «Отамалы» амалы жүріп жатыр. Оны қазекең «ойылған қыс» деп атаған. Мұнан кейін «Сәуір» амалы келеді. Сәуірдің соңы мен мамырдың басында алапат нөсер болады. Бұл кезде бөкендер мен киіктер төлдейді. Араға аз уақыт салып дауыл тұрады. Бұл киіктердің төлін өргізетін кез. Ол амалдар төңірегінде кезінде айтатын боламыз.

Қазақ күнтізбесі бойынша жыл әрқайсысы тоқсан күндік төрт маусымға бөлініп: көктем – «жылтоқсан» (жыл алмасатын маусым), жаз – «оттоқсан» немесе «жазтоқсан», күз – «күзтоқсан», қыс – «желтоқсан» деп аталған. Бұл әрбір тоқсан сәйкес түрде төрт табиғат дүлейінің (стихия) «патшалық»



БАБАЛАР БОЛЖАМЫ:

ТАБИҒИ ҚҰБЫЛЫСТАРҒА ҚАРАП ЖАСАЛҒАН ЖОРАМАЛ:

- * Көктемде таң шашырап атса, молшылық болады.
- * Ай қораланса, жазда жаңбыр көп болады.
- * Торғай ерте жұмыртқаласа, күн ерте жылынады.
- * Көктемде күн көп күркіресе, егін, шөп мол шығады.
- * Көктемнің басында қарға суға шомылса, күн жылынады.
- * Көктемде таң күңгірт тартып, күн манаурап көрінсе, жыл жауын-шашынды болады.

мерзімі саналады: «жылтоқсан» – су арнасы «жылға» сөзінің түбірінен, яғни Су маусымы; «оттоқсан» – өсімдіктің барынша өсіп отқа, қуатқа айналатын, малдың қуат жинап отыратын, адамның табиғаттағы барлық дәруменді сіңіріп күшейетін От маусымы; «күзтоқсанда» табиғат күзеліп, барлық өскен нәрсе Топыраққа айналады; «Желтоқсанда» өмірге Ауа қожалық етеді – жел, боран, қардың саф ауасы.

Бүгін қолданыстағы күнтізбе бо-

йынша, сәуірдің 7-сі. Ай есебінше, айдың 6-шы жаңасы. Ал қазақша, наурыздың соңы, енді алты күннен кейін сәуір басталады. Осындай амалдары көп сәуір айында ауа райында айтарлықтай өзгерістер болуы ғажап емес.

Қазір өрік гүлдеп, жеміс және өзге ағаштар бүршік жарып тұр. Енді бірер аптада еліміздің оңтүстік астанасы – Алматы шаһарының сан алуан түрлі гүлге бөленіп, мың бояулы қала атанатын шағы алыс емес.

МОТИВАЦИЯ



Жастайынан еңбеккер, талабы мықты болса, қамал алары анық. Халқымыз «жас күнінде жарқылда, отызында орда бұз, қырқында қамал ал» дейді. Мұның түпкі мағынасы біреу ғана – «мақсатты жан бол» дегенді білдіреді. Бұған жету үшін бірқатар қағидаттарға зер салған жөн.

Сырт келбетті түзеу. Ел арасында «киіміңе қарап қарсы алып, сөзіңе қарап шығарып салады» дейді. Өте астарлы сөз. Түсіне белген жан бұдан нәтиже шығаруға тырысады. Киім – адамның көркі. Сондықтан мейлінше таза, өзіңізге жарасымды киініз. Тым кең немесе тым тар болмасын. Бастысы, ыңғайлы әрі жүріп тұрғанда қолайлы болса, жарасым деген сол. Бірақ әркімнің таңдауы әртүрлі. Талғамға талас жоқтығын тағы айта кетуді жөн санаймыз.

Бәрі өз қолыңызда!



**Олжас
ЖОЛДЫБАЙ**

Бәрі өз қолыңызда! Әрбір адам өзін-өзі қалыптастырады. Тұлға ретінде де, жай қарапайым адам бола ма, ол өзіне байланысты.

Сөз бен іс қабыссын. Әлгінде сөздің құдіреті туралы аз-кем ой тастадық. Бұрынғылар «тіл – тас жарады, тас жармаса, бас жарады» деген нақыл қалдырған. Қай дәуірде болсын айтылар ойдың орны бөлек. Сондықтан құр сөз емес кез келген ортада іспен дәлелдеу беделді арттырады. Неғұрлым сапалы әрі нық етіп орындаңыз. Сонымен қатар, ойды ашық һәм дәлелді етіп жеткізіңіз. Бұл туралы Конфуций, Лаоцзы еңбектерінде және Хабузнама кітаптарында егжей-тегжейіне дейін тәптіштеп жазылған. Осы қарапайым критерийлерді ескерсеңіз, әр нәрсе сәтімен жүзеге аспақ.

Қорыту. Пайымды топтағанда шығатын ой біреу: ол – жинақылық. Антон Чехов «Адамның киімі де, сөзі де, жаны да сұлу болуы керек» депті.

ЖҮЛДЫЗ-ЖОРАМАЛ

(7 – 14 сәуір)

ТОҚТЫ

(21.03 – 20.04)

Апта шығармашылық пен жаңа идеяларға толы. Айыңыз онынан туады. Әріптестіктің жаңа қырлары ашылып, қызметте жоғарылауыңыз мүмкін. Жанұяңызға да көп көңіл бөліп, жұмыс пен отбасы мәселесін үйлестіріңіз.

ТОРПАҚ

(21.04 – 21.05)

Бұл күндері сізге көбірек ізденуге тура келеді. Армандарыңыздың орындалуы жолында асығып-аптығудың қажеті шамалы. Сабырмен, ақылмен әрекет етуге дағдыланыңыз. Бәрі өзіңізге байланысты. Алда тамаша күндер күтеді.

ЕГІЗДЕР

(22.05 – 21.06)

Осы апта сіз үшін тосын сыйларға толы болмақ. Өз сезімдеріңізді бағалаған жөн. Жүрегіңізге көбірек құлақ түріңіз. Қандай да бір ұсынысы болып жатса, бас тартпаңыз. Өйткені, қазір бәрі жақсы болғанымен, кейін өкінуіңіз мүмкін.

ШАЯНДАР

(22.06-22.07)

Алдыңғы күндері өзіңізді жолаушыдай сезінесіз. Қарбаласқа толы күн. Ешкімнен ештеңені жасырмаған жөн. Жеке басыңызға қатысты келеңсіз оқиғаларға тап болуыңыз мүмкін. Бірақ абыржымай, шындығын айтыңыз.

АРЫСТАН

(23.07 – 21.08)

Тұрмыс жағдайыңыз жақсарып, көңіл күйіңіз бір қалыпқа түседі. Бірақ сіздің мүмкіндіктеріңіз бұдан да мол табысқа кенелуіңізге жетерлік. Іскерлік әлемінде кездескен жаңа жобалардан бас тартпаңыз. Жемісін кейін еселеп қайтарады.

БИКЕШ

(22.08 – 23.09)

Сізге сәл де болса тынығатын кез келді. Қиын сынақтар артта қалды дей беріңіз. Дегенмен, біраз мәселе шешілмеген күнде оған бола мазаңыз кетпейді. Бірақ сіз күшті сынақтан өтіп, шындалдыңыз. Сондықтан да көптеген бикештердің өмірі өзгереді. Өз өміріңіз жайлы ешкімге тіс жармайтын боласыз.

ТАРАЗЫ

(24.09 – 23.10)

Осы аптада көп күш жұмсаған жұмыстан бәлендей нәтиже көрмейсіз. «Міне, енді шешіледі» деген нәрсеңіз тағы да бәз-баяғы қалпына түседі. Өзгенің уәдесіне сене бермеңіз. Тіпті, ең сенімді деген серіктесіңізге де сенім артпаңыз. Өйткені, көп нәрседен көңіліңіз қалады. Көп еңбектенуге тура келеді. Кез келген нәрсеге қаржы құюға дайын болыңыз.

САРЫШАЯН

(24.10 – 22.11)

Бұл күндері бірлесіп істеген жұмыс жемісін береді. Ортақ мақсат, шаруа міндеттер қызықты болмақ. Шығармашылық әлеует жоғары деңгейде. Сіздің өміріңіз маңызды бетбұрыс, өзгерістер ықпалында тұр. Сәуірде материалдық жағдайыңыз жақсарады.

МЕРГЕН

(23.11 – 21.12.)

Демалыс күндерін достарыңызбен, туыстарыңызбен жиі кездесуге арнаңыз. Сол уақытқа қарай тұрмыс жағдайыңыз біршама реттеліп қалуы да мүмкін. Қаржы мәселесі өзіңіздің бақылауыңызда болмақ. Жеке өмірде қасыңыздағы адамның түсіністігі мен қолдауы сізге қажет.

ТАУЕШКІ

(22.12 – 20.01)

Бұл күндері көзқарасыңызды өзгерткіңіз келмейді. Өзіңіздің пайымдауыңызды әрқашан алға қоясыз. Айналаңыздағы адамдарға күдікпен қарайсыз. Осының әсерінен өзіңіз ғана жапа шегіп, қиналуыңыз әбден мүмкін. Жаңа өмірдің есігін ашуға болатын сәтті жіберіп алмаңыз.

СУҚҰЙҒЫШ

(21.01 – 18.02)

Осы аптада олжаға кенелесіз. Мансабыңыз өсу үшін басшылық талабын қабылдап, құрметтеуді үйренуіңіз керек. Ал артық эмоциялар қолайсыз жағдайға әкелуі мүмкін. Жағымсыз эмоцияларды ішіңізде сақтауға тырыспаңыз, дегенмен қасыңыздағы серіктесіңізге ашуыңызды көрсетпегеніңіз абзал.

БАЛЫҚТАР

(19.02 – 20.03)

Сәуір айында маманға жүгініп немесе ең болмағанда жақын досыңызбен сөйлескеніңіз дұрыс. Осылайша жұлдыз белгісі қажетсіз уайымнан құтылып, жақын жандармен жылы қарым-қатынастарыңызды сақтай аласыз.

Әзірлеген Ақтолықан ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.